Сыр бойы

22 ТАМЫЗ СЕНБІ

2015 жыл №124-125 (19012-19013)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

# ЕЛБАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ АЛДАҒЫ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Кездесуге елдің ірі экспорттаушылары, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстанның іскер топтарының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы қатысушыларға арнаған сөзінде әлемдік экономикадағы күрделі ахуалға назар аударды.

Дағдарыс барлық бағытта – шикізаттық тауарлар, валюта және қаржы нарықтары бағытында да дендеп барады, дамушы және дамыған елдерді де қамтыды. Бұл «дауылдан» ешкім сырт қалмады. Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қоры әлемдік экономика өсімі жөніндегі болжамдарын тағы да 2,8 және 3,5 пайызға төмендетті. Мұнайдың әлемдік бағасы құлдырай түсуде. Ол былтырғы маусымдағы 115 долларлық шекті мөлшерден 48,5 долларға дейін төмендеді. 2011 жылы басталған металл құнының құлдырауы да байқалып отыр, баға индексі 45,5 пайызға төмендеді. Тек биылдың өзінде мыстың бір тоннасының бағасы 6300 доллардан 5100 долларға дейін құлдырады, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев мұнай мен металл бағасының төмендігі кемінде 5 жыл бойы сақталуы ықтималдығын атап өтті. Қазақстан Президенті біздің негізгі сауда серіктестеріміз Қытай мен Ресей тарапынан отандық экспорттық өнімдерге деген сұраныс күрт төмендегенін де айтты.

Бұл үрдіс де қысқамерзімді емес. Ресей экономикасының құлдырауы 2 есе күшейе түсті. Қытай экспортының көлемі 8,3 пайызға қысқарды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы 2014 жылдан бастап Америка доллары барлық әлемдік валюталарға қатысты нығайып келе жатқанына назар аударды.

Соңғы жылдың өзінде еуро долларға қатысты 26 пайызға, жапон иенасы – 22 пайызға, Австралия доллары – 27 пайызға, Канада доллары – 23 пайызға, Норвегия кроны – 35 пайызға, Малайзия рингиті – 30 пайызға, Чили песосы – 18 пайызға, Бразилия реалы 55 пайызға арзандады. Біздің Еуразиялық одақтағы серіктестеріміз де өз валюталарын құнсыздандырды: Ресей рублі 2 есеге жуық, Беларусь рублі 56 пайызға, армян драмы 17 пайызға түсті. Осылайша, Еуроодақты қоса алғанда, елдердің басым көпшілігі, шикізат экспорттаушы елдер, сондай-ақ Қазақстанның сауда серіктестері өз валюталарын құнсыздандыру шарасын жүргізді, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банктің бағалауы бойынша, Қазақстан экспорты бірінші жартыжылдықта 73 пайызға азайғанын атап өтті.

Біз қазірдің өзінде кәсіпорындарымыздың бәсеке қабілетінің төмендеп, табыстарының азайғанын көріп отырмыз. Бұл жағдай кәсіпорындарда жұмыспен қамтылған еңбеккерлерге әсер етуде. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпаратына сәйкес, көптеген кәсіпорынның Ресейге экспорты төмендеп кеткен. Бұған қоса, олардың Қазақстан нарығындағы өнімдерін ресейлік өндірушілер тықсыра бастады, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Кентау трансформатор зауытын мысалға келтірді, оның Ресейге экспорттайтын өнімдері 47 пайызға қысқарған. Кәсіпорын 50 жұмысшыны жұмыстан босатқан, ал мемлекетке 30 миллион теңгенің салығы төленбеген. Алматы ашытқы зауыты өндіріс көлемін 50 пайызға азайтқан, ал кәсіпорынның шығыны 30 миллион теңгеге жеткен. Алматы желдеткіш зауыты өндірісін 47 пайызға төмендетіп, жұмысшылардың 20 пайызын қысқартқан.

Бұл – Қазақстан бойынша өте көп мысалдардың бір парасы ғана. Осының нәтижесінде жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу жайы нашарлауда. 2015 жылы бюджетке түспей қалатын табыс 264 миллиард теңге көлемінде бағаланып отыр. Сондықтан біз әлеуметтік саладан басқа шығыстардың көбін қысқартуға мәжбүрміз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы қалыптасқан жағдайда ел алдында іс-қимылдың үш нұсқасының бірін таңдау міндеті тұрғанын айтты.

Біріншісі – ештеңе істемей, теңге бағамын ұстап тұру және жағдайдың жақсарғанын күту. Алайда мұндай саясаттың өтемі өндірісті қысқарту, жұмыс орындарынан айрылу және алтын-валюта қорын түгесу болады. Екінші нұсқа – теңге бағамын біртіндеп әлсірету. Сыртқы нарықтардағы ахуал нашар әрі белгісіз болып тұрғанда мұндай жол да алтын-валюта қорын көп шығындайды. Сондықтан, бар мүмкіндіктердің бәрін есептей келе, мейлінше дұрысы теңгенің еркін айырбас бағамын енгізу және инфляциялық таргеттеуге көшу болмақ, – деді Қазақстан Президенті.

2-бет

# УАҚЫТ ТАЛАБЫ ТУЫНДАТҚАН МІНДЕТТЕР

**Бейсенбіде Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің төрағалығымен Үкіметте селекторлық кеңес өтті. Онда Үкімет басшысы жаңа ақша-несие саясатына көшу туралы мәлімдеді.**

Премьер-Министр Кәрім Мәсімов Қазақстанда инфляциялық таргеттеуге негізделген және ұлттық валютаның айырбас бағамын еркіндікке жіберуді қарастыратын жаңа ақша-несие саясаты енгізілетінін хабарлады. Үкімет басшысының мәлімдеуінше, әлемдік экономикадағы қазіргі жағдай бізге де экономикалық өсім мен баға тұрақтылығы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету үшін жаңа ақша-несие саясатын қабылдауды талап етіп отыр. Осыған орай Ұлттық банк пен Үкімет 2015 жылдың 20 тамызынан бастап валюталық дәлізді алып тастауға және айырбас бағамын еркіндікке жіберуге көшуге негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыруға кірісу жөнінде шешім қабылдады.

«Ағымдағы жылдың 15 тамызында Ұлттық банк валюта бағамының дәлізін кеңейту мақсатымен теңгенің айырбас бағамының еркін нарықта қалыптасуын қамтамасыз етуге қатысты шешім қабылдаған болатын. Бұл өз кезегінде біздің экономикамызға өз әсерін тигізбей қоймайтыны белгілі. Оның үстіне жаһандық экономикадағы жағдай уақыт өткен сайын тұрақсызданып келеді», деді К.Мәсімов. Сонымен қатар, Үкімет басшысы біздің экономикамыздың негізгі тірегі болып саналатын экспорттық өнімдерімізге қатысты нарық бағаларының да құлдырап жатқандығын атап өтті. Қазақстанның негізгі экспорттайтын өнімдері мұнай мен металл сынды шикізаттық тауарларға да сұраныс төмендеп, баға түсіп жатқаны белгілі.

Бұл біздің ІЖӨ-нің көлемінің азаюына әкеп соғады және ол ішкі экономикамызды әлсіретуі де мүмкін. Сондықтан да біздің экономикалық саясатымыз ең алдымен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа негізделуі керек, деді ол. Сондай-ақ, Үкімет басшысы отандық өнім өндірушілерді тұралатып алмау мақсатында және кредиттік белсенділік пен инвестициялық тартымдылықты бәсеңдетпеу арқылы жұмыссыздықтың алдын алу жайына жан-жақты сараптама жасау керектігін де ескертті.

Үкімет басшысы осы сәттен бастап теңгенің айырбас бағамы нарық сұранысы негізінде және іргелі ішкі және сыртқы макроэкономикалық факторларды ескере отырып қалыптастырылатынын айтып өтті.

«Бұл айырбас бағамы әлсіреуге қарай, сондай-ақ, нығаюға қарай өзгеруі мүмкін екендігін білдіреді, оны әлем экономикасындағы және ішкі валюта нарығындағы жағдай анықтайды», деді Премьер-Министр.

Ол сондай-ақ, Ұлттық банк теңгенің айырбас бағамы деңгейін қалыптастыруға араласпайтынын, алайда елдің қаржылық жүйесінің тұрақсыздану қаупі туындаған жағдайда валюталық интервенция жүргізу арқылы ішкі валюта нарығына қатысу мүмкіншілігін өзіне қалдыратынын айтты.

2-бет

**Ұлттық валютамыз – теңгенің бағамын еркін айналымға жібергендіктен Елбасы Үкімет пен барлық деңгейдегі әкімдерге бағалардың негізсіз өсуіне, алыпсатарлыққа жол бермеу туралы тапсырма берді. Соған сәйкес, Қызылорда облысында дағдарысқа қарсы аймақтық штаб құрылып, жұмысын бастады.**

# БАҒА БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Кезекті штаб отырысынан кейін штаб төрағасының орынбасары Серік Қожаниязов бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берді. Ол нарықтағы үлкен сауда орталықтары және базарлар басшыларымен кездесу өткізгенін жеткізді. С.Қожаниязов жалпы жағдай тұрақты, тамақ өнімдері бойынша ешқандай баға көтеру орын алып жатқан жоқ екенін атап өтті. Өзімізде өндірілмейтін қант, асқатық майы, қарақұмық, тауық еті секілді өнімдер бағасы да әзірге бір деңгейде тұр. Ал «Sulpak» сауда орнында кейбір тұрмыстық техникалардың бағасы өсірілген. Алайда, онымен көрші тұрған «Технодом» сауда орнында бұл тауарлар бағасы бұрынғы деңгейде қала берді. Осыдан кейін «Sulpak» бағаны қайта төмендетуге мәжбүр болғанын жеткізді. Доллар алғашқы күні 255-ке дейін өссе, қазір 252-253 теңге деңгейінде. Ресей рублі де 4 теңгеден 3,9 теңгеге төмендеген.

Елбасы тапсырмасына сәйкес күнделікті екі мәрте рейд жасалып, мониторинг жүргізілуде. Оның мәліметтері Президент аппаратына жіберіліп тұр. Жағдай тұрақты, бақылауда. Тұрақтылық қорында 2 мың тоннадан астам ұн бар, нанның бағасын көтеруге негіз жоқ. Ауыл шаруашылығы саласындағы болжам да жақсы. Қазақстан, оның ішінде Қызылорда облысы да әртүрлі қиыншылықтардан өткен, жинақтаған тәжірибеміз де жеткілікті. Халықтың жағдайы қиындаса, кәсіпкерлердің жағдайы да қиындайды. Оны олар жақсы түсінеді, сондықтан атқарушы органдар, бизнес өкілдері бар, бірлесіп, қиындықтан шығамыз деген сенімдеміз деді Серік Салаутұлы сөзінің соңында.

Мұнан кейін «Аль-Асад» сауда орнының бас есепшісі Ләззат Алматова өздерінде бағалардың өзгермегені туралы айтып берді.

«Қаржы компания» ЖШС директоры Дамир Камешов «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына қарасты тұрақтылық қорында 60 тоннадан астам сәбіз, макарон, қант, май секілді 9 тағам түрлері бар екенін жеткізді. Қоймадағы тауарлар үнемі толықтырылып тұрады.

«Технодом» сауда орталығында баға тұрақты қалпында, тіпті сауда жасаушыларға сыйлық берілуде», деді өз кезегінде сауда орталығының басқарушысы Мадияр Тоқмағамбетов. «Маматова» наубайханасынан күнделікті 4-5 мың бөлке нан шығарылады. Әлеуметтік ұн жеткізіліп тұр, сондықтан баға өзгерісі туралы әңгіме де қозғалмайды,- деді кәсіпкер Пернеш Маматова.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

# ЕЛБАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ АЛДАҒЫ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Нұрсұлтан Назарбаев мұның мәжбүрлі шара екеніне назар аударды.

Бүгінгі таңда бізде бұдан басқа балама болған жоқ. Біз барлық бағдарламаларымызды басқаша жоспарлағанымызды білесіздер. Алайда дағдарыс әрқашан өз түзетуін енгізеді. Дегенмен, біз жағдайдың бұлайша өрбуіне де дайындалдық. Индустриялық-инновациялық бағдарлама және өңдеуші өнеркәсіпті кеңейту, Ұлттық қор құру – осының бәрі осындай ахуалға күні бұрын жасалған дайындық, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Үкімет пен Ұлттық банктің шешімі экспорттаушылардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, еліміздегі шағын және орта бизнестің өтініші бойынша қабылданғанын атап өтті.

Бәсекеге қабілеттілікті қалпына келтіру арқылы біз шамамен миллионға жуық адам жұмыс істейтін кәсіпорындардағы жұмыс орындарын сақтай аламыз. Отбасылық коэффициентін ескерсек, бұл 3,5 миллион қазақстандыққа әсерін тигізеді. Кәсіпорындардағы жағдайдың жақсаруы жұмысшыларыңыздың еңбекақы деңгейіне де әсер етуі тиіс. Келешекте ахуал жақсарады деп күтеміз, бұл дағдарысты еңсеруге, экономика өсімін әрі қарай қамтамасыз етіп, рецессияны болдырмауға мүмкіндік береді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

1-бет

Мемлекет басшысы тек айырбас бағамы есебінен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігін айтты.

Бұл – уақытша қолдау. Одан кейін құрылымдық экономикалық реформаларды жандандыру бағытындағы жүйелі шаралар мен шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі кешенді шешімдер керек. Сондықтан Үкімет пен Ұлттық банк менің тапсырмам бойынша қазір осындай құжаттар жиынтығын әзірлеп те жатыр. Салыстырмалы бәсекелік артықшылықтары бар негізгі салаларға көрсетілетін қолдау басымдық алуға тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев индустриялық-инновациялық саясаттың жаңа жағдайларға бейімделуі тиістігін атап өтті.

Еңбек өнімділігінің өсіміне, жеке бизнестің қатысу үлесін ұлғайтуға негізделген сервистік-индустриялық модельге көшу керек. Мемлекет қолдау шараларын бәсекеге қабілетті компанияларға ғана көрсетуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті құрылымдық экономикалық реформаларды жандандыру бағытындағы жүйелі шаралардың қабылданатынына назар аударды.

Еңбек нарығы жұмыс жүргізудің жаңа жағдайларына бейімделіп, елеулі еңбек ресурстарының ауысуына дайын болуға тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Үкіметке азаматтық қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жаңа үлгісін енгізуді, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жалақысын және мүгедектерге жәрдемақыны, шәкіртақыны көбейтуді қоса қамтитын әлеуметтік бастамаларды іске асыру шарасын қазіргі жағдайды ескере отырып, 2017 жылдан 2016 жылға ауыстыруды ұсынды.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банкке халықтың айырбас бағамының өзгеруінен шеккен шығынын азайту мақсатымен жеке тұлғалардың 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдайға сәйкес теңгемен ашылған және есепшоттарында 1 миллион теңгеге дейінгі қалдық сомасы бар шұғыл депозиттері үшін өтемақы төлеу тетігін енгізуді тапсырды.

Азаматтарға олар салымдарын арнаулы есепшоттарға қайта ресімдеп, оны банктерде бір жыл бойы сақтаған жағдайда өтемақы ретінде айырбас айырмасы төленетін болады. Бұл шара 1 миллион 700 мың адамды немесе барлық салымшының 86 пайызын қолдауға көмегін тигізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Үкіметке «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшыларына қатысты тетікті де ойластыруды тапсырды.

Соңында Мемлекет басшысы әлеуметтік көңіл-күйдің нашарлауына жол бермеу үшін қиындықтарға қарамастан барлық қажетті шаралардың қабылданатынын атап өтті.

Кеңес барысында «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ басқармасының төрағасы Ө.Шүкеев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының төрағасы А.Мырзахметов, сондай-ақ Қазақстанның ірі кәсіпорындарының басшылары сөз сөйледі. Олар Мемлекет басшысына отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің артуына оң ықпал ететін қолдау шаралары қабылданғаны үшін алғыс білдірді. Кәсіпорындар басшылары өздерінің жұмыс орындарын сақтау, әлеуметтік міндеттемелерін орындау, өндіретін өнімдерінің көлемін ұлғайту жөніндегі ниеттерін жеткізді.

## УАҚЫТ ТАЛАБЫ ТУЫНДАТҚАН МІНДЕТТЕР

Мемлекет тарапының араласуынсыз нарық сұранысы мен ұсыныс негізінде айырбас бағамын қалыптастыру экономика өсімінің сауығуына, несие және инвестициялық белсенділіктің артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, орта мерзімді болашақта инфляцияны 3-4 пайызға дейін төмендетуге қажетті алғышарт құрады.

К.Мәсімов айтып өткендей, инфляциялық таргеттеу режіміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыру экономикалық саясаттың стратегиялық міндеттерін – отандық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақты өсіміне қол жеткізуге, инфляцияның төмен деңгейін сақтауға, жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және ел халқының әл-ауқатын жақсартуға жәрдемесетін болады.

Премьер-Министр сөзінің қорытындысында теңге бағамының еркін жіберілуіне байланысты бағаның негізсіз көтерілуіне жол бермеуді тапсырды.

«Өңір әкімдері штабтарға басшылық жасап, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмектерінің деңгейін арттыру арқылы халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына қолдау шараларын қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, бағаның, әсіресе, әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер мен қызметтер бағаларының негізсіз өсіміне жол бермеу бойынша ұйымдастыру шараларын қабылдауды тапсырамын», деді Үкімет басшысы.

К.Мәсімов сонымен қатар, жедел шараларды жалпы үйлестіруді өзінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевқа, ал әлеуметтік мәселелерді орынбасары Бердібек Сапарбаевқа жүктеді.

Премьер-Министрдің мәлім етуінше, сенбі күні Үкімет отырысы өтіп, онда құрылымдық реформалар топтамасы, жедел шаралар, бюджеттік сипаттағы мәселелер және одан арғы макроэкономикалық саясат талқыланатын болады.

1-бет

*«Егемен Қазақстан».*
*21 тамыз 2015 жыл.*

### ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

**АҚШ долларының бағамы бір күнде өсіп кетті. Бұған не себеп? Алдағы уақытта бұдан залал шекпейміз бе? Өндіріс пен өнеркәсіпке әсері қандай? Қарапайым халықтың қалтасына артық салмақ түспей ме? Бүгінде жұртшылықты осындай сауалдардың мазалайтыны анық. Осы сұрақтарды біз Ұлттық банктің Қызылорда облыстық филиалының директоры Ернар ЖҰМАБЕКОВКЕ қойдық.**

## «ДОЛЛАРДЫҢ БАҒАМЫ ТЕҢГЕНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА ӘКЕП СОҚПАЙДЫ»

– Өзіңізге белгілі, кеше Үкімет пен Ұлттық банк бірігіп брифинг өткізді. Басты тақырып – Қазақстанның жаңа экономикалық саясатқа көшу жағдайы болды. Біз осыған дейінгі валюталық дәліз жүйесінен шығып, инфляциялық таргеттеу тәртібіне негізделген жаңа кредиттік-қаражат саясатын жүзеге асыруды бастаймыз. Сол бойынша теңге еркін жылжитын айыру бағамына көшеді. Ендігі жерде валютаның бағамын Ұлттық банк емес, нарықтың өзі реттеп отырады. Бұл біз ашып отырған жаңалық емес. Дамыған елдердің барлығы осы жолдан өткен. Мұндай жағдайда валютаның бағамы басты нәрсе болып саналмайды. Ең басты мәселе – бағалардың тұрақтылығы.

*– Жаңа экономикалық саясатқа көшудің себебі неде?*

– Бұл бір күнде қабылданған шешім емес. Экономикалық саясаттың жаңа жүйесіне көшуге Ұлттық банк бірнеше жыл бой дайындалды. Дегенмен, әлемдік нарықтағы жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты аталған жұмыс тезірек жүзеге асып жатыр. Мұндай жүйеге Ресей Федерациясы көшіп кетті. Оның сыртында алпауыт мемлекет саналатын Қытайдың өзінде экономикалық өсімнің саябырсуы байқалады. Ал біздің алыс-беріс, барыс-келіс жағдайымыз аталған екі елмен тығыз байланысты. Негізгі экономикалық қарым-қатынасымыз Қытай және Ресеймен болғандықтан біздің жаңа экономикалық саясатты кезек күттірмей атқаруымызға тура келді. Және бұл дер кезінде қабылданған шешім деген ойдамын. Әрине, алғашқыда біршама қиындықтар болады. Дегенмен, болашақта біз бұл жүйенің пайдасын көреміз.

*– Мысалы, мұның қандай пайдасы болуы мүмкін?*

– Ең алдымен біздегі өнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігі артады. Мәселен, ауылшаруашылық саласын алайық. Аталған салада біздің басты бәсекелесіміз Ресей мен Қырғызстан болып есептеледі. Енді қараңыз, егер валюта бағамы бізде бұрынғыдай тұра берсе, онда біздің базардағы баға да қымбат күйін сақтап қалады. Есесіне Ресей мен Қырғызстанда баға арзандайды. Өйткені оларда валютаның құлдырауы бар. Мұндай жағдайда ет, күріш, бидай, тағы басқа ауылшаруашылық тауарларын Қазақстаннан сатып алғанша, Ресейге немесе Қырғызстанға барып сатып әкелген оңай болады. Бұл дегеніңіз біздің өнеркәсіпті қолдан құлатумен тең деген сөз. Заттың бәрін арзан деп сырттан әкеле берсек, онда өзіміздің тауарлар өтпей, ақыр соңы оны өндіретін компаниялар шығынға ұшырап, банкротқа ұшырайды. Ал жаңа экономикалық саясат жағдайында барлық мемлекеттердегі бағалар бір қалыпта тұрады. Өз тауар өндірушілерімізді шығынға ұшыратпай, аман ұстап тұрудың өзі үлкен пайда деп ойлаймын. Егер біздің кәсіпкерлер жұмысын одан сайын жандандыра түсетін болса, онда Ресей нарығына еркін шыға алады. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болғанымыздың негізгі себебі де осы емес пе?! Сосын тағы бір мәселені ескеруіміз керек. Біз айлықты, салықты, түрлі әлеуметтік көмектерді долларымен төлемейміз ғой. Барлық қаржылық қатынастар теңгемен жасалады. Сондықтан доллар бағамының көтерілуі немесе төмендеуі теңгенің құнсыздануына әкеп соқпайды.

*– Дегенмен, халық доллардың бағасына қарап нарықты бағамдайды ғой...*

– Біз Қазақстанда тұрамыз. Өзіміздің тәуелсіз мемлекетіміз бар. Осында жұмыс істейміз. Тұрмыс кешеміз. Табысымызды доллармен емес, өзіміздің ұлттық валютамыз – теңгемен табамыз. Енді неге біз доллардың бағамына бағынышты болуымыз керек? Осының өзі дұрыс емес. Сондықтан адамдардың ой-санасындағы долларға деген түсінікті өзгертетін кез келді.

*– Ал енді жаңа жүйе қарапайым халыққа қалай әсер етпек?*

– Күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлардың бағасы қатаң бақылауда болады. Оның үстіне, азық-түлік өнімдерін, киім-кешекті, тіпті кеңсе тауарларына дейін өзімізде өндірушілер бар. Ал олардың бағаны бірден өсіріп жіберуге ешқандай негізі жоқ. Бұл ретте, алып-сатарлардың пайда табу жолында бағаға өзгерістер жасауы мүмкін. Дегенмен, оның өзін бақылауға болады. Жалпы, бір жыл бойына инфлияцияның өсу болжамы 5-6 пайызды ғана құрайды. Сондықтан қарапайым халықтың да қалтасына артық салмақ түспейді деген сенімдемін.

*– Рақмет.*

Сұхбаттасқан
**Ержан БАЙТІЛЕС.**

# ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

## ЭКОНОМИКА ЗАҢДЫЛЫҒЫН АЙНАЛЫП ӨТУГЕ БОЛМАЙДЫ



Қазақстан Президенті еліміздің іскер топтарының өкілдерімен болған кездесуде әлемдік экономикада қалыптасқан ахуалды жан-жақты талдау сүзгісінен өткізді. Өткен жылдың соңында басталған әлемдік дағдарыс барлық елдерге, оның ішінде Қазақстанға да теріс ықпалын тигізген болатын. Шын мәнінде, бүгінгі күрделі жағдайда экономика заңдылығымен өмір сүру, сөйтіп сұраныс пен ұсынысқа сәйкес тіршілік ету қажет болды. Осы орайда Мемлекет басшысы бірқатар елдердің экономикасы құлдырағанын, оның ішінде біздің әріптестеріміз Ресей мен Қытайдағы жағдайдың бiршама күрделі сипатқа ие болғанын атап көрсетті. Сонымен бірге Қазақстан экспорты бірінші жартыжылдықтың өзінде 70 пайызға кеміді. Бұл, айналып келгенде, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетті. Жұмыс орындары қысқарды. Әсіресе, отандық кәсіпорындардың Ресейге экспорты төмендеді.

Мемлекет басшысы бұл орайда ел алдында іс-қимылдың үш нұсқасының бірін таңдау міндеті тұрғандығын атап көрсетті. Бәрін елеп-екшеп келгенде теңгенің еркін айырбас бағамына көшу ең дұрыс шешім ретінде қабылданды. Елбасы мұның мәжбүрлі қадам екенін айта отырып, оған қарсы жергілікті жерлерде атқарушы биліктің атқаратын міндеттерін жан-жақты саралап берді.

Нарық заңдылығы бойынша экономика өз табиғатына сай үрдіспен дамуы қажет. Біз кезінде директивалық, яғни нұсқаулармен өмір сүретін экономиканың қандай зардаптарға әкеліп соққанын жақсы білеміз. Жоспарлы экономика кезінде, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарының алғашқы жылдарында бағаны қолдан ұстап тұру, тежегіш тетіктерін жиі қолдану тұтыну рыногына едәуір теріс ықпалын тигізді. Біз ол жылдардан қиындық болса да біршама тәуір өттік. Ендігі жерде жаһандық экономиканың бүгінгідей күрделі жағдайға тап болып отырған дағдарыс кезеңінде әлемдік сұраныс пен ұсыныстың тәртібімен өмір сүрмесе болмайды. Себебі, бұл барлығы үшін ортақ заңдылық.

Үкімет пен Ұлттық банк теңгенің бағамын ұзақ уақыт бойы қолдан ұстап тұрды. Әрине, оның белгілі бір уақытқа дейін нарықтағы жағдайды тұрақтандыруға оңды ықпал жасағанын атап өтуіміз керек. Бірақ теңгенің нарықтық бағамын қалыптастырмайынша еліміздің ішкі жалпы өнім көлемінің төмендейтіні, отандық кәсіпорындардың экспорттық мүмкіндіктері шектелетіні анық еді. Ендігі жерде теңгенің айырбас бағамы нарық сұранысы негізінде және сыртқы макроэкономикалық факторларды ескере отырып қалыптасатын болады.

20 тамызда Премьер-министр Кәрім Мәсімовтің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық мәжілісінде теңгенің жаңа айырбас бағамы экономиканың сауығуына, несие және инвестициялық белсенділіктің артып орта мерзімді болашақта инфляцияны 3-4 пайызға дейін төмендетуге негіз қалайтынын атап көрсетілді. Осы орайда жергілікті атқарушы билікке тұтыну рыногындағы ахуалды тұрақтандыру, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде бірқатар тапсырмалар берілді.

Қызылорда өңірінде соңғы жылдары өңдеу өнеркәсібінде біршама тәуір көрсеткіштерге қол жеткізіле бастады. Облыс әкімі Қ.Көшербаев саланы дамытуға айрықша көңіл бөле отырып, болашақтағы өсуіміздің алғы шарттарын қалыптастыра бастады. Сайып келгенде, қосылған құны бар өнім өндіру біздің дамуымыздың кепілі болып табылады. Біз нарықтың заңымен өмір сүре отырып, Елбасының әрдайым атап көрсетіп жүргеніндей, халық алдындағы әлеуметтік бағыттағы міндеттемелерімізді орындау үшін бар мүмкіндіктерімізді жұмылдыра беретін боламыз.

**Сәуле ҚҰЛЫМБЕТОВА,**
**облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы.**

## ЖАҢАША ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСАДЫ



Ұлттық валютамыз еркін бағаға жіберілді. Бұған дейінгі доллар бағамының көтерілуі, мұнай мен металл бағаларының төмендеуі, әрине, алаңдатарлық жағдай. Өйткені, олар біздің экспортымыздың негізін құрайды. Бұның бәрі әлемдік экономикадағы күрделі жағдайдың тікелей әсері. Ол барған сайын нашарлай түсуде. Дағдарыстан дамушы елдер де, дамыған елдер де тыс қалып отырған жоқ. Осыған орай Ұлттық банк пен Үкімет 2015 жылдың 20 тамызынан бастап валюталық дәлізді алып тастауға және айырбас бағамын еркіндікке жіберуге көшуге негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыруға кірісу жөнінде шешім қабылдады. Оның белгілі қиындықтары болады. Халық мұны түсінуге тиіс. Бұл қажеттіліктен туған шара.

«Қанша бағдарламалар жасасақ та, өмір мен жағдай алдымыздан қиыншылықтарды алып келеді. Қазір де осындай қиыншылыққа тақап тұрмыз. Бұл дүниежүзілік дағдарыстан ешкім де сырт қала алмайды. Қазақстанның әлемдегі бүкіл мемлекеттермен байланысы бар. Ал енді халықаралық сарапшы ұйымдардың айтуынша, бұл дағдарыс тез уақытта еңсеріле қоймайды. Соған алдын ала біз барлық жағынан дайындалуымыз керек» деді Елбасы.

Бұл шешімнің отандық өндіріс үшін пайдалы жағы бар екенін де ескеруге тиістіміз. Отандық бизнес өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі артады, экспорттық табысты молайтуға жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы әлеуметтік көңіл-күйдің нашарлауына жол бермеу үшін қиындықтарға қарамастан барлық қажетті шаралардың қабылданатынын айрықша атады. Елбасы азық-түлік өнімдеріне бағаны негізсіз көтергендер анықталып жатса жазасыз қалмайтынын да қатаң ескертті. Жағдайды пайдаланып қалу мақсатын көздеп отырғандарға бағаны шарықтатуға жол бермеу маңызды. «Ондайларды анықтап, қатаң жазалайтын боламыз», деді Президент. Мемлекет басшысы баға мәселесі бойынша Үкімет осы бағыттағы жұмыстармен айналысатынын айтты.

Ең бастысы, еліміз тыныш, ішкі бірлігіміз бекем. Еліміз бұған дейін де бірқатар дағдарыстардан өткен болатын. Бұл қиындықтан да шығатын боламыз. Ал мемлекетіміз барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындай береді. Бұл жағынан қобалжудың реті жоқ.

Қарапайым халықтың қалтасына ауыртпалық түспеу үшін қажетті шаралардың бәрі жасалатын болады. Күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлар бағасы қатаң бақылауда ұсталады. Облыста дағдарысқа қарсы штаб құрылды. Жергілікті жағдайды саралап, қажетті шаралар қолға алынады. Осы ретте мүмкіндігінше отандық тауарларды пайдаланудың маңызы жоғары екенін атап өткім келеді. Ол еліміздің өнім өндірушілерін қолдаудың бір жолы болмақ.

**Ирина КИМ,**
**облыс әкімінің кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы.**

## АУЫЗБІРШІЛІКТЕН АЙЫРЫЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК



Соңғы жылдары әлемді жайлаған дағдарыс салқыны барлық елді шарпып отыр. Өйткені, ешқандай ел дербес дами алмайды. Сондықтан да экономикадағы қиындық барлық мемлекеттің сыртқы саудасына, басқа елдермен қарым-қатынасына елеулі әсер етеді. Қазіргі қалыптасып отырған жағдайды біз осылай түсінуіміз керек. Қазір Қазақстанның сыртқы саудасында өзіндік орны бар Ресей, Қытай мемлекеттерінде де жағдай қалыпты емес. Олардың да валюталарының АҚШ долларына шаққандағы бағамы айтарлықтай өсті.

Жалпы біз соңғы 15 жылда мұнай, металл бағасының тұрақты өсіміне үйреніп алдық. Бірақ қазір ол кезең аяқталды. Әлемдік деңгейдегі экономистер таяу болашақта, яғни, 5-7 жыл, мүмкін бұдан сәл ұзағырақ мерзімде мүлде бөлек экономикалық жағдайда өмір сүретінімізді болжап отыр. Демек, біз үшін бұл кезең арқаны кеңге салып, жайбарақат жүретін уақыт емес. Былтыр ғана барреліне 115 доллар болған мұнай бағасының құлдырауы осыны аңғартып отыр.

Мамандар «Қазақстанның негізгі байлығы саналатын металдар мен өзге де шикізаттардың бағалары барынша төмен деңгейде болуы әбден ықтимал» деседі. Осыған сәйкес, Елбасы бастамасымен қолға алынған экономиканы әртараптандыруды тереңдете беруге тиістіміз. Басты бағыт Мемлекет басшысы ұсынған 5 институттық реформадағы нақты 100 қадам болуы қажет.

Қалыптасқан жағдайға орай ел билігі де әрекет етіп жатыр. Біздің елге ұқсас мемлекеттердің даму тәжірибелері зерттелу үстінде. Барынша тиімді нұсқа таңдалып алынатын болады. Алғашқы міндеттер қатарында экономиканы долларсыздандыру, қазақстандық банктердің несиені теңгемен алу мүмкіндігін ұлғайту мәселесін қойды. Осы екі мәселе шешілгенде экономиканың бағам саясатына тәуелділігі барынша төмендейді. Сондықтан да дүрлігуге негіз жоқ. Әрине, экономикасы қалыптасып, түрлі алып жобаларды алдына қойып отырған елімізге бұл жағдайдың оңай соқпасы анық. Әйтсе де, біз сабырлылық, шыдамдылық танытуымыз қажет. Ең бастысы – ауызбіршіліктен айырылмайық.

**Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**экономика ғылымдарының кандидаты,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.**

## ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ



Елбасының пәрменімен Үкімет пен Ұлттық банк дәйекті, әлемнің шартарабында қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты өмірлік қажетті шешім қабылдады. Осының негізінде Қазақстанның төл теңгесінің АҚШ долларына шаққандағы еркін бағамы айналымға жіберілді.

Өмірлік қажеттілік дейтініміз, мұндай мәжбүрлі қадам Елбасының атап өткеніндей, біздің еліміздің экспортқа өнім шығарушыларының мүдделерін қорғау, жұмыс орындарын сақтау, экономикалық өсімді қамтасыз ету мақсатында жасалып отыр. Әрине, тұтыну рыногында біршама қиындықтар қалыптасуы ықтимал. Дегенмен, бұл орайда Үкімет жергілікті атқарушы билікке нақты тапсырмалар жүктеп отырғанын айрықша атап өткім келеді. Жергілікті жерлерде осыған байланысты тиісті жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда, біздің департамент тұтыну рыногында тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізіп, бағаның негізсіз өспеуін қадағалайтын болады. Ең бастысы – департаментке жүктеліп отырған функциялар шеңберінде бәсекелестікті сақтай отырып, бағаны қалыптастыратын тиісті заңдылықтарды қолданып, оның негізсіз өсуіне тосқауыл қоюдың тетіктері пайдаланылады.

Елбасының атап өткеніндей, бәсекеге қабілеттілікті қалпына келтіру арқылы Қазақстанда шамамен миллионға жуық адам жұмыс істейтін кәсіпорындардағы жұмыс ырғағын сақтай аламыз. Әр отбасындағы адамдардың санын ескерсек, бұл шамамен 3,5 млн қазақстандыққа оңды ықпалын тигізеді. Демек, теңге бағамының нарық заңдылығы бойынша еркін айналымға жіберілуі әлеуметтік, саяси жағынан маңызды қадам болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, Мемлекет басшысының атқарушы билікке жүктелген міндеттерін тыңғылықты орындау арқылы біз тұтыну рыногындағы ахуалды барынша тұрақтандыруға үлес қоса аламыз. Елбасының тапсырмасы бойынша Үкімет белгілеген шараларды жүзеге асыру тиісті жемісін береді деп ойлаймын.

**Ерсін ОРЫНБАЕВ,**
**ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.**

## БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ АРТТЫРАДЫ



Жалпы, Үкіметтің теңгенің еркін айырбас бағамын енгізу және инфляциялық таргеттеуге көшу шешімін қолдаймын. Қазіргі таңда әлемдік экономикалық ахуал да едәуір нашарлады. Оны ақпарат құралдары арқылы да, көзімізбен де көріп-біліп отырмыз. Әлемді шарпыған дағдарыс болғандықтан жаңа экономикалық саясатқа көшуге біз мәжбүрміз. Қаласақ та, қаламасақ та. Нарық заңына бағынуға тиіспіз. Мұның тиімді де, тиімсіз тұстары бар. Меніңше, мемлекет қазынасына мұнай және ауыл шаруашылығы саласынан түсетін қаражат түсімі көбеймесе, кемімейді. Әрине, мемлекетіміз талай қиындықтан өтті. Тәуелсіздік жылдары шыңдалып, экономика көтерілді. Осы қиындықтың бәрін Елбасының сарабдал саясатының арқасында бағындыра белдік. Тыңғылықты дайындық жасасақ, қалыптасқан осы тығырықтан да жол табамыз. Еліміздің дағдарысты еңсеруде тәжірибесі мол.

Нарық бағасы құбылып тұратыны белгілі. Мұндай құбылыстар өткінші, жағдай тұрақтанатынына сенімдімін. Сондықтан да қазақстандықтар осы өтпелі кезеңді еңсеру үшін сабырлылық, түсіністік танытулары қажет. Киім-кешек, құрылыс материалдары, азық-түлік қымбаттайды деп дүрлігуге негіз жоқ. Келесі жылдың басынан бастап әлемдік нарықтың есігі айқара ашылады. Көрші елден тауарлар ағылатыны сөзсіз. Сол себепті, ішкі нарықта кәсіпкерлер бағаны негізсіз өсіре алмайды. Әйтпесе, тұтынушыларынан айрылып қалады.

Осы ретте облыс басшылығы да тиісті шараларды қолға алуда. Мәселен, азық-түлік тауарларының бағасын негізсіз өсіруге жол бермеуге күш салынады. Нарықтағы баға саясатын айрықша бақылауға алатыны анық. Сонымен қатар, жемісті жұмыс жасай алатын бизнес өкілдеріне қолдау көрсетуді тоқтатпау керек деп есептеймін.

Айта кетейін, біздің мекеме де өз кезегінде жұмыс орындарын сақтау, қызметшілерінің еңбекақыларын қысқартуға жол бермеу жөніндегі Мемлекет басшысының үндеуін толық қолдайды.

**Ерлан РАЙЫМОВ,**
**«Раим» ЖШС-ның директоры,**
**Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшесі.**

БРИФИНГ

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК НАҒЫЗ МҰҚТАЖДАРҒА ТӨЛЕНЕДІ

**"Сыр медиа" ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жазира Жылқышиева журналистерге арнап брифинг өткізді.**

Елбасы ұсынған "100 қадам" Ұлт жоспарының 84-қадамында әлеуметтік көмекті оның атаулы сипатын күшейте отырып оңтайландыру айқындалған. Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек оларды еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады деп көрсетілген.

Былтырдан бері елімізде қолданыстағы атаулы әлеуметтік көмек көрсету механизмін жетілдіре отырып, әлеуметтік қызметтер мен көмек алушылар арасындағы әлеуметтік келісімшарт негізінде табысы аз қамтылған азаматтарға "Өрлеу" шартты ақшалай көмек көрсету жобасы енгізілген болатын. Жобаның мақсаты – аз қамтылған отбасыларындағы еңбекке жарамды азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға ынталандыру.

"Өрлеу" ШАК жобасы еңбекке қабілетті азаматтарға жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, мамандық алуға, қосымша мамандық алу үшін қайта даярлықтан өтуге, қажет болған жағдайда отбасының әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Шілде айынан бастап Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік келісімшарт негізінде негізделген ақшалай көмек көрсету бойынша пилоттық жобасы іске асырылуда.

Жоба аясында 199 адамға (48 отбасы) шартты ақшалай көмек көрсетуге жергілікті бюджеттерден 5984,1 мың теңге қаражат бөлінді.

Басқарма басшысы "Жалпыға ортақ еңбек қоғамы" идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, оның ішінде жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдығын насихаттауға бағытталған шараларға тоқталды.

Әлеуметтік көмек, еңбекпен қамту, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуда атқарылған жұмыстарды баяндады.

Брифинг соңында БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

**Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйінде «Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің деканы Ахмад әл-Амир Мұхамед Жәхин Исмайыл және оқытушы Имад Мұхамед Әл-бәғри Мұхамед Зағулул мен «Нұр-Мүбарак» университетінің аппарат жетекшісі Болатбек Әбуовтың қатысуымен баспасөз мәслихаты болып өтті.**

# ТЕОЛОГ МАМАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Өңірімізге келген дін өкілдері «Республикалық және халықаралық деңгейдегі теолог мамандардың облысымыздағы жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы шеңберінде облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Ұшқыр жебе» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен шақыртылған болатын. Сонымен қатар облыс әкімдігі мен «Нұр -Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті арасындағы конфессияаралық қатынастар және өзара ынтымақтастықты арттыру жөніндегі меморандум жасалған. Соның аясында дінтанушылар аймағымыздың бірнеше аудандарында аралады.

– Сыр өңіріне келіп кездесулер мен жиындарға қатысып жатырмыз. Шалғай елді мекендерде де болдық. Онда ауыл тұрғындары және мешіт имамдарымен кездестік. Оларға қазіргі кездегі жат ағымдардың белең алуына жол бермеу керектігін сол арқылы халық арасында насихат жұмыстары жүйелі жүргізіліп отыруын айтып өттік. Жалпы, біз осы бағытта жұмыс жасап жатқанымызға қуаныштымыз. Мұндай шара Шымкент қаласында болған. Енді өзге де облыстарға да ат басын бұрамыз. Тағы бір айта кетерлігі, бұл өңірдегі имамдардың діни сауаттылығы жоғары екен,- деді «Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің деканы Ахмад әл-Амир Мұхамед Жәхин Исмайыл.

«Нұр-Мүбарак» университетінің негізгі үш бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстар нәтижелі. Олар аталмыш оқу орнында білім алып жатқандарға бірінші сапалы білім беру, екінші ғылыммен айналысу және қоғамға қызмет жасау болып табылады. Міне, үшінші бағыт бойынша шет елден келген екі ұстаз бен біздер қала мен аудандарда діни ортамен кездесіп, діни сауаттылықты арттыруға ықпал етіп келеміз. Бір байқағанымыз, мұнда біздің университеттің түлектері мешіттер мен дін орталықтарында қызмет жасайды екен. Бұл қуанышты жайт,–деді аппарат жетекшісі Болатбек Әбуов.

Жалпы, бұл шараның негізгі мақсаты, республикалық, халықаралық деңгейдегі теолог-мамандар мен білікті дінтанушы ғалымдарды тарта отырып, облыс тұрғындарымен, мешіт жамағаттарының діни сауаттылықтарын арттыру болып табылады.

**Сара ҚОРҒАНБАЙЫЗЫ.**

# АРДАГЕРЛЕР – ШИПАЖАЙДА



Сырдария ауданының ардагерлері шипажайда демалуда. Қариялардың «Шопан ата» сауықтыру орталығында жыл сайын емделуі дәстүрге айналған. Мұндай ізгі іс аудан әкімінің қолдауы мен «Құмкөл көлік қызметі» компаниясының демеушілігінің арқасында жүзеге асып келеді. Былтыр 60 ардагер шипажайда ем-дом қабылдаса, биыл 100 қарияға жолдама берілген. Осы күнге дейін 90 ардагер денсаулығын қаратып үлгерді. Енді алдағы айналымда он адам келмек.

Бейсенбі күні аудан әкімінің орынбасары Нұржан Өмірсерікұлы бастаған топ шипажайға арнайы барып, емделіп жатқан ардагерлердің хал-ахуалын сұрады. Үйдің күйбең тірлігінен бір ауық алыстап, денсаулығына көңіл бөлуге жағдай жасалғанына қариялар ел азаматтарына ризашылығын жеткізді. Емделушілердің ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері – жасы тоқсанның төртеуіне жеткен ақсақал Яхия Тасыров пен қадірменді қария Махамбет Бержанов та бар. Олар сәлем бере келген жастарға ақ баталарын берді.

Шипажайдың бас дәрігері Петр Абдухановтың айтуынша, «Шопан ата» сауықтыру мекемесінде науқастарға балшықпен емдеу және минералды сумен емдеу әдісі қолданылады. Балшық Жаңақорғаннан арнайы әкіленеді. Ал табиғи минаралды су шипажай жанынан 480 метр тереңдіктен шығып жатыр. Бұл емдеу әдістері сүйек-буын жүйелері, гинекологиялық және асқазан, бауыр, ішек, өт жолдары ауруларынан сауығуға септігін тигізеді. Сондай-ақ массаж, физиотерапиямен де емдейді.



Шипажайда демалыс орындары, теледидар бөлмесі, бильярд, теннис үстелдері, арнайы тренажерлік залдар, саунасы бар. Сауықтыру кешенінде төрт мезгіл тамақ беріледі.

Шипажай емделушілерге сапалы қызмет көрсетуде. Сондықтан, осында денсаулығын тексертіп жатқан қарттардың көңіл-күйі көтеріңкі.

Айта кетейік, бір мезгілде 27 адам емделетін шипажай ауданға қарасты Аманкелді ауылында орналасқан. Мекеме 1986 жылы құрылған «Шопан ата» санаторий-профилактикалық базасында қайта бой түзеді. Кейін емдеу орталығы «Құмкөл көлік қызметі» компаниясының меншігіне өткен соң, күрделі жөндеу жүргізіледі. 2002 жылы шипажай толықтай іске қосылады. Содан бері республика бойынша науқастар келіп, ем қабылдауда.

**Дәурен ОМАРОВ.**

# ӘКЕГЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ



Нағашыларымның ауылына жолға шықтым. Автобус ішіне әжептеуір адам толып қалыпты. Елуді еңсерген ер кісінің жанындағы жалғыз орын бос екен, қасына жайғастым. Біраз үнсіз отырып, жолды қысқартпақ ниетте жөн сұрастық. Өзін Абай Өтегенов деп таныстырған жігіт ағасы әскери борышын отты Ауған жерінде жүріп өтепті. Кейіннен үшінші топтағы мүгедектік алыпты. Оның жүзі күліп тұрғанымен, жанарынан әлдекімге деген сағынышты байқағандай болдым. Сұрағанымда ол «әкемнің өмірден озғанына 30 жыл болды» деді. Терезеге бір қарап, «ол қайтыс болғанда мен әскерде болатынмын. Ауырмай-сырқамай, тікесінен тік жүрген асқар тауым аяқ асты құлады» деп, әңгімесін жалғады. Айтуынша, әкесі Ноғай Өтегенов деген кісі тірі болғанда биыл 75 жасқа толады екен. Алла оған небәрі 45 жыл ғұмыр кешуді нәсіп етіпті.

– Әкем әскерден келе сала сол кездерде Тасбөгет кентінде орналасқан автобазда жұмыс істеген. Әдепкіде он жылдан аса шопыр болыпты. Ен далада жер асты суын зерттеп, құдық қазатын арнайы мамандарды тасыған екен. Сол еңбегіне Қармақшы ауданының аумағында оның құрметіне аталған «Ноғай қазған» деген жер бар. Солай қарапайым жұмысшыдан бастап, сатылап басшылық қызметтерге дейін барған. Бұрындары бұлай аянбай тер төгіп, еңбегімен көзге түскендерді ерекше бағалаған ғой. Әкем де сондай құрметтен кенде қалмаған. Жоғарғы өндірістік көрсеткіштерге жеткені және қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін бірнеше рет Қазақ ССР кәсіподақтары советінің президиумының Құрмет грамотасын алған. Омырауына арнайы медаль да таққан. Мәскеуге ауыл шаруашылығы пленумына барып, сол кездегі су шаруашылығы министрлігінен арнайы қол сағат алыпты. Бірақ, қанша жетістікке жетіп, қолында билік болғанымен қарапайымдылығын жоғалтпады. Сондықтан да болар, әкем өмірден өткенде көзіне жас алмаған жан қалмапты. Көпшілік сенерсенбесін білмей, әкемді аза тұтыпты. Үлкенге құрметін аямаған, өзінен кішілерге қамқорлық, бауырмалдық көрсете білген оның әр қасиеті бізге де, яғни балаларына үлгі еді. Бәлкім, бұл тектілік оған атамыздан берілген болар. Атамыз Өтеген деген кісі Тасбөгеттегі дарияның үстімен өтетін су реттегіш бөгетті (плотина) салуға атсалысқан екен. Соғыс уақыты, қазіргідей алып техникалар жоқтың қасы. Құрылысқа қажетті затты өгіз арбамен тасыған көрінеді. Осы еңбекқорлық менің де әкемнің бойынан табылатын. Ал отбасында анамыз Смағұлова Мариямкүл екеуінің сыйластығы ерекше еді. Мектеп бітіре сала үйленсе де біз олардың бір-біріне дауыс көтеріп, бір нәрсеге келіспей қалғанын көрген емеспіз. Әкемнің қапыда көз жұмғаны бәрінен бұрын сол кісіге қатты батты. Бірақ 9 баланы құшақтап, жалғыз қалған ол бізге көз жасын да, қиналысын да көрсеткен емес. Бәрімізді бір-бір үй жай қылып, өсіріп, жетілдірді. Дегенмен, ер бала үшін әкенің орны бөлек қой. Сол бір нар тұлғалы, сабырлы мінезді, ылғи ақылын айтып, біздің жүрегімізден үлгі боларлық қасиеттерімен орын алған әкеге деген сағыныш әлі бар. Амал қанша, тағдырдың жазуы солай болған шығар. Біз де әкенің атына кір келтірмеуге тырысып келеміз. Балаларымызға аталарын мақтан етіп айтып отырамыз. Жақында қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай құрбан шалып, рухына құран бағыштадық. Біздің перзенттік парызымыз, қолдан келер жалғыз амалымыз осы. Енді тек анамыздың амандығын тілейміз, – деп әңгімесін аяқтады. Иә, өзі ата атанып, немере сүйіп отырса да ағамыздың әкесіне деген ерекше сағынышы, құрметі менің осы әңгімені жазуыма түрткі болды. Дені сау ата-анасын даңғарадай үйінің бір бұрышына сыйғыза алмай, қарттар үйіне өткізіп жатқандар қаншама? Соларға ағамыздың жүрек түкпіріндегі осы сыры мен естелігі үлгі боларлық. Мен діттеген жеріме жеткенде ол кісімен осындай оймен қоштастым.

**Мөлдір ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.**

# «ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА» ЖОБАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

**Бейсенбіде облыстық мекемелер үйінің мәжіліс залында облыс әкімдігі мен «Чернобыль және Арал балалары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Отбасындағы бала» жобасын жүзеге асыруға арналған мәжіліс өтті.**

Басқосуды облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова ашып, жүргізіп отырды.

Жиынның мақсаты Қызылорда қаласында 1-3 жас аралығындағы балалардан бас тартудың алдын алуға бағытталған арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің біріктірілген моделін енгізуге арналған жобаның мақсаты мен міндеті туралы ақпарат беру, ведомствоаралық ынтымақтастық орнату және жобаны жүзеге асыру барысындағы жауапты мамандар мен орындау мерзімдерін анықтай отырып жоспар құру болып табылады.

Басқосуға жергілікті басқару органдарының, мемлекеттік мекемелер мен азаматтық қоғам және БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында алғаш болып сөз алған «Чернобыль және Арал балалары» қайырымдылық қорының атқарушы директоры Құралай Исаева қордың атқарған жұмыстарына тоқталып, алдағы жоспарлары туралы айтып өтті. Онан соң «Отбасындағы бала» жобасы туралы жобаның үйлестірушісі Болат Әйтімов жан-жақты әңгімеледі.

Белгілі болғанындай, аталмыш жоба Қызылорда қаласының мемлекеттік медициналық мекемелерінде 1-3 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік жетімдігінің алдын алу мақсатында біріктірілген арнайы әлеуметтік қызметтің моделін енгізуге бағытталған және ол ағымдағы жылдың шілдесі мен 2016 жылдың ақпан айы аралығында облыс орталығындағы мемлекеттік медициналық мекемелер мен «Ана үйі» қоғамдық қорының базасында жүзеге асырылады. Іс-шараны АҚШ-тың халықаралық даму қоры (USAID) мен «Орталық Азия еуразия қоры» КҚ қаржыландырған «Тиімді басқаруды қолдау бастамасы» бағдарламасы аясында «Чернобыль және Арал балалары» қоғамдық қоры жүргізетін болады.

Мәжілісте, сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Айна Мұхамбетова «Отбасындағы бала» пилоттық жобасын жүзеге асырудың өзара ынтымақтастық жоспарын таныстырып өтті. Жиын соңында қатысушылар жобаға байланысты сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жиынды қорытқан облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова «Чернобыль және Арал балалары» қайырымдылық қорының аймақтағы науқас балалар мүддесі үшін жасап жүген қызметіне ризашылығын білдіріп, аталған жобаға сәттілік тіледі.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

*Нәсіредин сұмдық жақсы жігіт болатын...*

**Қадыр МЫРЗАӘЛИЕВ.**

**Уақытында балалар мен жасөспірімдерді тартымды шығармаларымен қызықтырған қаламгер Нәсіредин Серәлиев Қармақшы ауданының Қашқансу өңірінде келген жарық дүниеге. 1930 жылы. Қазан айында. Әкесі Серәлі атамыз кезінде Аманкелді атындағы колхозда еңбек еткен. Бұл күнде орны жоқ сол колхоз Чапаев атындағы шаруашылыққа біріксегі жаңа ауылдың орталығына көшіп келген. Кездескенде амандасуды айналайыннан бастайтын Нәсіредин ағамен студент кезімде танысқан едім. Кейін үйренісе келе Нәкең менің етжақын ағамдай болып кетті. Әскери комиссариат оқуымды үшінші курстан үзіп әскерге жіберетін болғанда, күйзеліп жүгіргенін ұмытармын ба?! Неліктен екенін білмеймін, мені туған інісіндей жақсы көрді. Кездескен сайын очерктерді балалата беретінің не, қабілетіңді көркем шығармаға жұмсасайшы, соңыра кеш болады ғой... – деп шыр-пыры шығатын. Қайран Нәкем-ай, кім-кімге де ішібауыры елжіреп тұратын ғажап адам еді ғой, жарықтық.**

**Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ**

# МАХАББАТ ЖЫРШЫСЫ

Нәкең «Әліппені» алғаш айқара ашқан жас күнінен өлең-жырға әуестеніп өскен. Баласының рухани түлеуіне әкесінің ескілікті әңгімелерді молынан білетіндігі және оны мәнеріне келтіріп айтатыны әсер еткен-ау деймін. Біздер, асыл ағамыздың қосын жегіп, тағдырлас, тұз-дәмдес, пікірлес болған інілері, оның ата-анасының да көзін көрдік. Серәлі әкемізіің әңгімесін шет жағалап біз де тыңдадық. Түсі жылы, дауысы құлаққа жағымды, әңгімені бабымен еліктіріп айтатын сүйкімді кісі еді. Нәкеңнен жыл бұрын дүние салған сол жарықтық осы күнгі ақсақал саналатындарға ұқсамайтын. Абыз сипатты адам еді. Кеңіш әжеміз де өте елгезек, көңілі ашық, мырзақол болды. Нәкеңнің жанына ілесіп барғанымызда, сөзінің бісміллəсын «ой, айналайыннан» бастайтын. Ана қазасын Нәкең езіліп қайғырған еді. Атақты жырау Молдахмет Дабылұлы (журналист Қанибек Молдахметовтың әкесі) Нәкеңнің қыз алыспайтын немерелес ағасы. Арынды жыраудың күнді түнге, түнді күнге жалғастырып талмай жырлайтын әуезді үні де баланың құлағына әбден ұялап қалған болса керек. Қысқасы, Нәкең жас күнінен Сыр сүлейлерінің жырларын жаттап, құймақұлақ болып өскен. Сүлейлерге еліктеп өзі де өлең жаза бастаған.

Болашақ жазушы алғашында Қашқансу өңіріндегі Абай атындағы жетіжылдық мектепте, кейін №28 қазақ орта мектебінде оқыған. Алғашқы өлеңдерін бірге оқып жүрген достары жабыла жаттап айтып жүреді екен. Серәлі әкеміз 1944 жылы Қызылорда плотинасының құрылысына жіберілетін болғандықтан облыс орталығына қоныс аударады. Нәкең осы күнгі М.Мәметова атындағы педучилищеге түсіп оқи бастайды. Сол жылдары жазған өлеңдері облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланып тұрады. Жасөспірімнің тырнақалды туындыларын газеттен оқып, қалам қарымын қадағалап жүрген белгілі ақын Асқар Тоқмағамбетов: «Нәсір, сен өлең жазып машықтана бер. Сонымен бірге шамаңа қарай шағын әңгімелерді де жазып көрсең қайтеді...» деп ескертіп, ақылкеңесін айтып қамқор болған.

Мұқтар Әуезов «қырғи тілді» атаған ақынның ақылына ден қойған Нәкең содан бастап газетке шағын әңгіме, мақала жазып, қара сөзге бейімделеді. Соның аяғы, жас талапкер бірте-бірте бойындағы талант ұшқынын сезіне бастаған болар, елуінші жылдардың бастапқы кезіндеақ прозалық шығармалар жазуға біржола бет бұрады. Сол кезде Нәкең педучилищені бітірген, Н.В.Гоголь атындағы пединституттың студенті еді. Филология факультетінің қазақ тілі және әдебиеті бөліміне ақтөбелік Сағи Жиенбаевпен бірге түсіп, бірге бітірген. Екеуі өмірлік дос болып өтті дүниеден.

Нәкең оқуын бітіргесін өзі білім алып өмірге жолдама берген педучилищесінде жасөспірімдерге сабақ беріп, дәріс оқыған. Ұстаздық жолда әрі жазуын жазып, әрі шәкірттерімен ой бөлісіп, білім нәріне сусындап жүргенінде Нәкеңді Алматыға шақырады. Астанада «Балдырған» және «Пионер» журналдарында қызмет атқарып, жаңа ортада балалар жазушысы атанып таныла бастайды. Бірақ тұрмыс жағдайына байланысты Алматыда тұрақтай алмай, Қызылордасына оралып, облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясына орналасады.

Мен Нәкеңнің шығармаларын осы редакцияда мәдениет бөлімінің меңгерушісі, республикаға белгілі жазушы болып дәуірлеп тұрған кезінде оқыдым. Елімізді Н.С.Хрущёв билеп тұрған заманда үш облысты біріктіріп Оңтүстік Қазақстан өлкесі құрылған болатын. Нәкең мұндағы бөлім меңгерушілігінен өлкелік газеттің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі болып ауысты. Сол жылдары Нәкеңнің журналистік дарыны кең ауқымдылығымен танылды. Газет жанрларында жазған туындыларында публицистикалық сарынды жазушының көркем ойымен жымдастырып жіберетін. Қоғамдық толғақты мәселелерді көтерген очерктерін қанағаттанып, тамсанып оқитынбыз. Жүрдек қаламынан жүрекке шауып, көңіл күйінді елжіретіп қозғайтын бір шығыс леп есетін де отыратын.

Өлке тарағаннан кейін Қазақстан жазушылар одағының Қызылорда бөлімшесін басқарып келген Асекең зейнетке шыққасын оның орнына Нәкең ауысты. Ал Жазушылар одағының облыстық бөлімшелерді біріктіріп облысаралық ұйым құрылуына байланысты Нәкең орнына қаламдас інісі Қомшабай Сүйенішевті тағайындаттырып, өзі Шымкентке тұрақтайтын болды. Сол кезде Нәкең 1968 жылдан бастап Жамбыл, Шымкент, Қызылорда – үш облыстың шығармашылық ұйымын басқарды. Денсаулығы ертеден сыр беріп, жылда көп күнін ауруханада өткізіп, қиналып жүрсе де жаңа қызметін абыройлы атқарды, шығармаларын да үлгіртті. Сол кезеңде біз Нәкеңнің басылымдардан жылда бір повесін оқитынбыз. Кітаптары да іркіліссіз шығып жатты. Менің білуімде Нәкеңнің көзі тірісінде баспалардан балаларға арналған суретті кітапшаларын қосқанда, 10 кітабы жарық көрген. Бұдан басқа «Еңлікгүл» деген көркем фильмнің сценарийін жазды. И.Котляровский, А.Гайдар, С.Баруздиннің бірнеше шығармаларын тәржімалап, бұл қырынан да танылған еді. Ал Нәкеңнің елу жылдығына орай таңдамалы шығармалары 1980 жылы «Жазушы» баспасынан қазақ прозасының классигі Тәкен Әлімқұловтың алғысөзімен жарық көрді. Елу бес мың таралыммен, «Жаңбыр иісі» деген әңгімесінің атымен шыққан осы қалың жинағына 9 повесі, 14 әңгімесі енген.



Нәсіредин аға балалар мен жасөспірімдерге деген суреткерлік ынтызарлығынан айнымаған жазушы. Оның қолына қалам ұстаған кезеңінде (жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарында) әдебиетімізде бал тілді балдырғандар мен жас жеткіншектерге арнайы шығарма жазғандар саусақпен санарлықтай ғана еді. Шығармаларын балғындарды шыншылдыққа, адамгершілікке, бірсөзділікке, үлкенді сыйлауға, жасы кішілерге қамқор болуға, тіл ұстартуға тәрбиелеу мақсатында жазу – айнымас мұратына айналды. Тырнақалдысы «Ұшталмаған қарандаш» деген суретті кітапшасынан басталған «Намыс», «Ақ лақ пен қара лақ», «Әнгелек», «Ақбөпесін» кезінде баладан бұрын бой түзеген біздер де қызығып оқыдық. Әлі есімде, 1952 жылы «Пионер» журналынан «Кішкентай үйшілер» деген әңгімені қызығып оқыдым. Кейін есейген шақта білгенімдей, сол әңгіме Нәкеңнің студент кезінде жазған тұсаукесті екен. Шынайы шығарма санаңда сәулеленіп, көңіліңде құйқылжып тұрады ғой.

Қаламы толастап көрмеген Нәкең негізінен шығармашылық өрісін ауыл өмірінен тапқан қаламгер. Әңгімелері мен повестерінен Қашқансу адамдарын танығандай боласыз. Кейіпкерлері Нәкеңнің өзі сияқты өмір ағымының ығына қарай малти бермей, сол ағынға қарсы жүзуге бейім.

Жалпы жаратылысында ақын жанды ағамыз келте ғұмырында айтарының ұштығына жете алмай кетті. Азғантай ғұмырында жастардың сүйікті жазушысы болып қалды. Айтарыңыз не, Нәкең аға махаббат жыршысы еді ғой. «Ақ қайың», «Он жеті жас» деген повесін бір деммен мөлдіретіп жазған. Ал «Жеңешем, жорға және мен» деген повесінде жазушы махаббат туралы таусылып ештеңе айтпайды. Уылжыған Ақзираның сүйген жары майданда. Оның жорғасын колхоз бастығы Оқас тақымына басқысы келеді. Шығармадағы шытырман тартыс осыдан басталады. Ақзира қайсар болғанымен жолы жіңішке, Оқасқа бағынышты. Қайнысы Кемел әлі жас. Күресерге дәрмен аз. Дегенде, озбыр Оқастың беті қайтты. Оны жеңген махаббат рухы еді. Жазушы осы шығармасында да озбыр Оқас, қиянатшыл Қайрақбай (бригадир) деп даттамайды. Ал оқиға барысында сіз ол екеуінің сондай пенде екенін аңғарасыз.

Нәсіредин аға туған ұлтының өзегін жарып шыққан нағыз халық жазушысы еді. Ізіне ерген қаламдас інікарындастары, мың сан оқырмандары біледі.

Жазушы 10 повесть жазған екен. Біз өкініп қалдық: әттең дүние, бергенінен берері көп еді-ау деп. «Көлеңке» деген соңғы повесін көзі кеткеннен кейін Шарапат апай «Жұлдыз» журналына жариялатты. Ардақты аға денсаулығым көтерсе, енді романға отырамын, – дейтін. Амал не, санаулы демі оған жеткізбеді. Адам жазған өмірден арманы таусылмай өтеді білем.

Нәкең жазушылық ғұмырында лайықты марапатқа да ие болды. КСРО-ның бірнеше медальдарымен, елу жасқа толғанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Сол тұста Нәкеңнің 50 жылдық мерейлі тойы Шымкент қаласында өтті. Аралдық ақын досы Құттықов Мешітбай ағамыз Нәкеңнің зайыбы Шарапат апайды Аралға алдырып, қолда баққан бір семіз жылқыны жіліктеп, қазысын айналдырып, шыпшыртып шығармай беріп жібергенін көзіміз көрген. (Бұл не деген құрмет?! Сол замандағы ағалардың дос көңілі қандай?!)

Жазушының елу жылдығы туып өскен отаны Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінде де және кіндік қаны тамған, жөргегін жуған Ақтөбе ауылында да аталып өтті. Қармақшылықтар алқалап қарсы алған сондағы салтанатты жиында Нәкең: «Мен әрқашанда орталарыңызда болдым. Сіздердің өмірлеріңіз: тұрмыс тіршіліктеріңіз, қуаныштарыңыз, реніштеріңіз менің шығармаларымда. Жан жүрегімді жарып шыққан туындыларымның кейіпкерлері – өздеріңіз» деген еді.

Сондағы жүздесулерден кейін арада білдірмей жылжып он жыл өтті. Қармақшылықтар жолынан жаңылысқан жоқ. Алпыс жылдығын да ағынан жарылып атап өтті. Тек өкініштісі арамызда Нәкең болмады. Балалық шағы алапат ашаршылықта, жер жүзіндегі «ең әділетті қоғамның» жаппай адам аулаған жазалау науқанында, адамзат қауымы бұрын көріп-білмеген қырғын соғыстың ауыртпалығында өткен жүрегі жұмсақ, сезімтал баланың көңілі қаяулы, жаны жаралы еді. Оның тағдыры әсте оңай болмаған. Екінші жержаһандық соғыс аяқталғанда Нәкеңнің жасы он бесте болатын. Әне, оның балалық шағы қандай жағдайда өткенін енді бағамдай беріңіз. Сұрықсыз жылдардың сұмдығымен өткен. Жалпақ ел қандай қазабатты өткерсе, жаны нәзік ауыл баласы соның бәрін де көппен бірге көрді, жүрегімен сезінді.

Біз шығарма жазумен айналыспайтын замандастарымызды көркем әдебиетті түсінбейді деуден аулақпыз, бірақ олар жазушы деген ағайынның көңіл күйімен, өз жанын өзі жейтін жұмбақ азабымен санаса бермейді. Сіздерді көрдді. Балалық дәуренін кісәпір кезеңде қалдырған Нәкең қаламгер көруге тиісті жолды қаймықпастан «таңдап» алған. Алайда тағдыр оған ащы сыбаға сыйлаған екен. Қаламгерлік мұраттың қатал да емі жоқ сынына көндіккен оны жасынан жанына «жолдас» болған шырмалы отыз жасқа жетер-жетпестен-ақ созылмалы сырқатқа ұшыратты. Соның аяғы аяулы ағамызды ажал шіркін қыршын жас елу төртінде арамыздан алып тынды.

...Алдымен көзге отттай басылған Нәкең портреті. Аудандық мәдениет сарайының төріне ілінген сол сурет өткен елу жылдығында: «Мен әрқашанда орталарыңдамын» деп толқып, тебіреніп айтқанын еске түсірген еді.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, мерейтойды өткізу жөніндегі комиссияның төрағасы Сәбит Отызбаев кенттің мәдениет сарайында өткен сол салтанатты жиынды өзі ашып: «Жиылып келген жамағат, халқымыздың асыл перзенті Нәсіредин Серәлиев арамыздан мезгілсіз ерте кетсе де, шырайлы шығармалары арқылы бізбен бірге жасасып келеді. Сіздер, осыдан он жыл бұрын нақ осы сарайда жазушының елу жылдығын атап өткен едіңіздер. Енді осынау алтын ғұмырдың алдағы уақытта да жалғаса беретін мерейтойларының тағы бірін өткізу абыройына кенеліп отырмыз» деген еді. Ал аудандық атқару комитетінің төрағасы Аппаз Кәмішев қаламгердің өмірі мен шығармашылық еңбегі орайында тағылымды баяндама жасаған-ды. (Бүгінде ондай пайымды, ойлы әкімдер қаламгерлердің сорына қарай дефицитке айналды).

Мерейтой барысында байқағанымыз: өмірде тектілік пен ізеттіліктің эталонындай болып өткен Нәкеңді көзкөргендер алғаусыз жақсы көреді екен. Қазақстан Жазушылар одағының өкілі Қалихан Ысқақ, жергілікті қаламгерлер Мешітбай Құттықов, Сейіл Боранбаев, Қали Шыңғысов, Қомшабай Сүйеніш, Желдербаева Сәнімкүл апай және шаруашылық басшылары сан тарау естеліктер айтты. Сана сонда бір сілкініп, көптің көңілі бір көтеріліп қалған еді. Содан кейін...

Келесі жылы дүние өзгеріп сала берді. Заман да, қоғам да құбылды. Ардақты ағаның 70 жылдығы да, 80 жылдығы да аталмай елеусіз қалды. Елеусіз қалған себебі, біріншіден билікке келген жас шенеуніктер руханият майданында кімдердің кім болғанын білмейді, шығармаларын оқымаған. Екіншіден, жазушымен дос, жолдас, сырлас болған қатар құрбылары дүниеден өтіп кетті. Үшіншіден, жарық дүниеде көзі жоқ қаламгерлердің әтібірлі шығармалары мемлекеттік тапсырыспен қайта басылып шығып жатыр. Ал Н.Серәлиевтің туындылары қайта басылымға ілінбей шет қалумен келеді. Жалғыз-ақ, Нәкеңнің 80 жылдығы қарсаңында, тірлігінде сыйласқан қаламдас інісі Оразбек Сәрсенбаев өзі белсеніп бір томдығын шығарып еді. Бірақ оны біреу біледі, біреулер білмейді. Себеп: Сыр өлкесінен шыққан қаламгерлердің шығармаларын насихаттау тоқыраған. Содан тапқан «пайдамыз» тәуелсіздігімізбен құрдас жастар бүгінде өмірде Нәсіредин Серәлиев деген жазушының және жалпы өлкемізде қандай қаламгерлердің болғанын білмейді. Оны байқап жүрміз.

Нәкеңнің артында іздеушісі жоқ емес. Ұлы мен қызы Шымкентте, туған інісі Төлен Қызылорданың өзінде тұрып жатыр. Заманауи өркениеттің ортасында. Шетінен жоғары білімді. Нәкеңнің 60 жылдығында Төлен обкомның қызметкері еді. Сол кезде көзкөргендердің естеліктерін ыждағаттап жинап алуына болатын. Амал не, «бәлду-бәлду бәрі өтірік» болып қалды. Енді биығы қазанның жиырма бесінде Нәкең көзі тірі болғанда, 85 жасқа толып, ортамызда нұрлы жүзі, кең маңдайы жарқырап отырар еді-ау. Кімнің жасамаған жасы. Аудан жұрты жазушының атаулы жасын осы жолы ескерсе, естеліктер жинағын әлде де шығаруға болады. Біздің жобамызда Нәкеңнің артында жетімсіреп қалған мұрасы 4-5 томдай болып қалар. «Темірді қызған кезінде соқ» деген, туындыларын бүгінгі көзкөргендер елеп жарыққа шығармаса, кейінгілерден үміт аз. Қайран Нәкеңнің сол 4-5 томын қарайтқаннан аудан бюджеті ойсырап қалмас. Ниет болса, қиын ба, жарқыратып шығаруға болады. Жалпы, өмірде көзіміздің жеткеніндей көрнекті қаламгерлердің татымды туындыларын қайталап басып тұрмаса, қанша классик болса да, есімдері бірте-бірте көмескіленe береді екен.

Нәкең Мәскеуге екі айлық оқуға барғанында, Тәкен Әлімқұловпен дидарласып, екеуі талай мәрте сұхбат құрған. Сонда: «Осы күні кейбір жастар Батысқа еліктеп, әдебиетке бұрылғы сюжеттерді әкелді. (Айтуы қалай, ә?) Ондайды мен қабылдамаймын. Маған Сырдың бойы жетіп жатыр» деген көрінеді. (Тәкен ағаның алғысөзінен). Бұл дегеніңіз туған өлкесін дүниеде ештеңеге айырбастамайтын, барын бардай жүрегімен сүйіп өткен, Анасының алтын құрсағында адалынан жаратылған нағыз патриоттың сөзі емес пе?! Осындай қадірлімізді енді қашанға дейін елеусіз қалдыра бермекпіз?

Қызылорда қаласы.

# МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБАЛАР ЕЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕ ТҮСЕДІ

Ширек ғасыр уақытта Қазақстан жылдам дамып келе жатқан мемлекеттер қатарына кірігіп үлгерді. Бұл жетістік бастауы, әрине, табиғи ресурстарымыздың молдығы секілді негізгі фактормен қатар алдағы нақты қадамдарды тиянақтау мен елдегі тұрақтылық екендігі даусыз. Осыған қосымша жергілікті жердегі атқарушы органдар басшыларының мемлекеттік бағытты дұрыс бағамдап, мәні жоғары бағдарламаларды өз дәрежесінде орындау барысына жамағатты жұмылдыра білуі де осы серпінге сеп болып келеді.

Қазір Жаңақорған кентіне аяқ басқаннан-ақ аудан орталығының абаттанғаны және де мәдени-тарихи ерекшелігін насихаттау барысындағы атқарылған іс анық байқалады. Сол секілді жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына игі әсер ететін мемлекеттік жобалардың жүзеге асырылу барысындағы оң шаруалар тізбегі молая түсті. Бастысы – жас, жаңа басшының жалпы жұрттың ортасында жүретін қарапайымдылығы мен білімділігі тұрғындар ілтипатына ілікті. Оның әр адамның мұң-мұқтажын тыңдай біліп, шешімін табуға деген ұмтылысы басшыға деген сенімді нығайтты. Бұл халық ықыласы мен құрметке бөленудің басы болса керек.

– Облысымызда Жаңақорған ауданының өзіндік орны, ерекшелігі бар екендігі айқын. Ауыл шаруашылығымен қатар өнеркәсібі өркендеп отырған аймақтың халқы да еңбекке бейім, нарықтық қатынастар көшіне ілесе білген жаңашыл азаматтары мол өңір. Жаңақорған – киеліліктің есігі, әулиелердің бесігі деп алдыңғы толқын ағаларымыздың орынды атап көрсеткендігін осы ауданға келіп, қызметке араласа бастаған күннен тіптен жете сезіндім. Өңіріміздің тарихы мен мәдени мұрасынан хабар беретін көрнекіліктердің кенттің орталық көшелеріне орналастырылуы осы ойдың жемісі. Бұл жұмыстар алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің сабақтастығын, жақсыны үлгі тұтып, игілікке ұмтылуын жалғастырады деп ойлаймын, – дейді аудан әкімі Руслан Рүстемов.

Ұлы Абай айтады: «Адамның адамшылығы істі қалай бастағанынан білінеді» деп. Осы ұлағатқа сүйене отырып, былай бағамдаймыз. Биылғы басты саяси оқиға – Қазақстан Республикасы Президенті сайлауында Жаңақорған ауданындағы ұйымдастырылу деңгейіне жоғары баға берілді. Мұны елімізде экономикалық және қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақты сақталуының көрінісі деп есептейміз.

Наурыз айында Қаратау бөктерінде «Нұрлы Наурыз» шарасы ұйымдастырылып, онда ұлттық дәстүр мен құндылықтар дәріптелді. Қазақ халқының тереңде жатқан тарихын, мәдениетін қайта жаңғыртуды кеңінен насихаттау мақсатында «Туған жерге тағзым» атты деректі кинофильмнің түсірілімі басталды. Аталған бейнефильмдер «Қазақстан» Ұлттық арнасының «Алтын қорында» сақталады.

Облыста идеология майданында шыңдалған азамат руханият саласына жақсы назар аударып келеді. Жаз айында Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Дүкенбай Досжанның шығармашылығын насихаттау және еске алу мақсатында облыстық деңгейде ұйымдастырылған салтанатты шара Қызылорда қаласында сәтті өтті.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ардагерлерге құрмет көрсету, ескерткіш мемориалдарды қалпына келтіру шаралары үздіксіз жүрді. Үстіміздегі жылдың мамыр айында баспасөз күніне орай өткізілген облыстық журналистер форумы қаламгерлер мәртебесін көтерді. Жаңақорғанның жаңалықтарын айтқанда ауыл шаруашылығы саласына атбасын бұрмай кете алмаймыз. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің құнын тұрақтандыру бағытында 111 ауыл шаруашылығы құрылымын субсидиялауға 145 млн 598 мың теңге бөлінді. Сонда ет өндіру мен өндіріс көлемінің өсуі байқалады. Көктемгі егіс науқаны да ұйымшылдықпен өтті. Облыстық малшылар слетінің араға 19 жыл салып барып, Жаңақорғанда өткізілуі де тегін емес. Оңтүстіктегі ең шеткі аудан қазір ауыл шаруашылығы саласы бойынша облыстың көшін бастап тұр.



Елбасы атап көрсеткеніндей, бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әкімшілік реформа жүргізілді. Әкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды. Енді білекті сыбана еңбек етіп, ел байлығын молайту, әр өңірдегі тың ресурстарды іске қосуда терең ойлылық пен алғырлық қажет. Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында депутаттар алдында үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар жайлы есеп бергенінде осы мәселеге тоқталды. Ұлт жоспары: 100 нақты қадам міндеттерін екшеп айтып, ауданның тың тынысын ашатын серпінді жобалар мен басымдық берілетін салалар туралы ой бөлісті.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында кірістер болжамы 5 млрд 537 млн 350 мың теңгені құрап, 6 млрд 032 млн 723 мың теңгеге немесе 108,9% орындалды. Оның ішінде ауданның өз кірістері болжанған 1 млрд 236 млн 405 мың теңгенің орнына 1 млрд 731 млн 778 мың теңгеге, яғни 140% орындалды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 182 пайызға артық. Ал шығындар бөлігі І жартылдықтың қорытындысы бойынша 99 пайызға игерілді.

Қазіргі күрделі жағдайларға қарамастан, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында ілгерілеушілік бар. Жалпы өнім көлемі төмендеген жоқ. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өнімдері – 185,6%, құрылыс жұмыстары – 102,8%, тұрғын үй құрылысы – 106,3%, сапалы ауыз сумен қамтылған тұрғындар саны 101,8% өскендігі байқалады.

Жаңарған Жаңақорғанда алдағы уақыттарда қандай ірі, ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ? Осыны нақтылай кетейік.

«Қазақстан-2050 даму Стратегиясында» басты міндеттердің бірі – экономиканы әртараптандыру. Осы бағытта Жаңақорған ауданының «Шалқия» кенішіндегі қорғасын-мырыш өндірісін «Самұрық Қазына» ұлттық қорымен бірлесе отырып игеруге облыс басшылығының бастама көтеріп, нақты істер ұйымдастырғандығы белгілі. Көктем айларында «Самұрық Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Өмірзақ Шүкеевті арнайы шақыра отырып, осы іс-сапар кезінде кәсіпорында қорғасын мен мырышты терең өңдеуге бейімдеу және соның негізінде гидрометаллургиялық зауыт құрылысын салу жөнінде шешім қабылданды. Бұл өз кезегінде металлопрокат алуға мүмкіндік беретін жобаның келесі сатысы болып табылады екен. Бүгінде кен байыту комбинатының базалық жобасын әзірлеу аяқталып, детальдық жобалау жұмыстары қолға алыныпты. Таяу уақыттарда құрылысы басталады деген жоспар бар. Үстіміздегі жылғы мамыр айында Германияның «Молль» компаниясы «Тау Кен Самұрық» Ұлттық компаниясымен бірігіп, осы аумақтан аккумулятор зауытын салу жөнінде келіссөздер жүргізді. Бұған Шалқияда өндірілетін қорғасынның таптырмас шикізат екендігі түсінікті. Әр тиыны мен минутын есептейтін немістер Қаратау қойнауындағы байлықты жаңа технология арқылы әлемдік нарыққа шығаруға атсалысады деп қуануға болады.

Аймақ басшысы биыл ветеринария жүйесін жетілдіру шараларының нәтижесінде буферлік аймақтан шығуды жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде Жаңақорғанда «Eurasia Agro Holding» серіктестігінің жобалық құны 2 млрд 520 млн теңге болатын ет комбинатының құрылысын жобалауға мүмкіндік туғызады.

Жаңақорған ауданы Бесарық бекетінде жобалық құны 5 млрд 985 млн. теңге шамасында болатын жылына 12750 тонна томат пастасын өндіретін, италиялық құрал-жабдықпен жұмыс жасайтын зауыт құрылысы жобалануда. Зауыт жұмыс істеген кезде 600 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Мұнан басқа индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында «Сырцементі» серіктестігінің қуаты жылына 750 мың тонна цемент өнімін шығаратын зауыт құрылысы, «Южшахтстрой» компаниясының 75 мвт жел электр станциясы, «Жаңақорғанэнерджи» ЖШС-ның 50 мвт күн электр станциясы, «Global Enerjy Company» ЖШС-ның Шалқия және Жайылма елді мекендерінің аралығындағы Жанбай өңірінде салынатын қуаты 24,94 МВт жел-күн электрстанциясы инновациялық жобасы, «Астана LPS пласт» ЖШС-ның полиэтилен құбырлары зауыты жобаларын іске асыру жоспарлануда. Жоба бастамашыларымен жобаны нақтылау жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, нарықтық қатынастар талабына сай өз кәсібін бастауға талаптанған тұрғындар саны артып келеді. Биылғы жылдың жазынан бері аудан әкімшілігі қолдауының нәтижесінде «Қазақстанда жасалған» белгісімен Жаңақорғанда «Талды су» минералды суы шығарыла бастады. Сол сияқты шикізаты аудан көлемінен табылатын экологиялық таза, жылы әрі сапалы шлакоблок кірпішін көптеп өндіруге ізденістер жүргізілуде. Бұл жұмыспен шұғылдана бастаған кәсіпкер біртіндеп жетістіктерге жетіп келеді.

– Аудан тұрғындары үшін аса маңызды мәселе – газдандыру болып келді. Облыс әкімінің батыл саяси шешімінің арқасында келесі жылы қолға алынатын газдандыру жобасы мерзімінен бұрын биыл, яғни, бір жыл ерте басталды. Осындай мүмкіндікті ел игілігіне пайдаланудың ықпалы орасан, –дейді әңгіме арасында Руслан Рүстемұлы жамағатпен бірге қуана отырып. Осы мақсатта “ҚазТрансГаз Аймақ” акционерлік қоғамы Қызылорда өндірістік филиалы облыс бойынша жобалық құны 23,5 млрд теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстарын барынша қарқынды жүргізуде. Оның 3 млрд теңгеге жуығы Жаңақорған ауданына тартылады деп күтілуде. Қазіргі уақытта аудан орталығына жоспарланған 255 шақырым газ құбырының 125,1 шақырымы тартылды. Келешекте барлық елді мекен табиғи газға қосылатын болады.

Жаңақорғандағы ең бір күрделі мәселенің бірі – аудан орталығын таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Бұл жөнінде облыстық «Сыр бойы» газеті бірнеше мәрте мәселе көтерді. Алайда, ауыз судың әңгімесі әлі күнге үзілмей келе жатқандығы белгілі. Міне, “Сабақты ине сәтімен” демекші мұның да орайы келген секілді. Аудан басшысының айтуынша, тиісті министрліктермен келісімдер жасалуда. Аудан әкімінің орынбасары С. Ыдырысов осы мәселемен Астанаға іс сапармен барып келді, нәтижесі жуық арада көрінуі тиіс. Сондай-ақ, жобалық құны 6 млрд 128 млн 265 мың теңге болатын Талап және Сырдария топтық су құбырының құрылысы басталды. Бұл жобаларды іске асырудың нәтижесінде 28 елді мекенде тұратын 38 мың тұрғын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады. Талап, Бесарық, Аққұм бекеттері және Кейден елді мекендері топтық су құбырына биыл, Манап, Бесарық және Кеңес елді мекендері 2016 жылы қосылатын болады. Қалған елді мекендер 2017-2019 жылдар аралығында кезең-кезеңімен сапалы ауыз сумен қамтылады. «Ақбұлақ» бағдарламасымен «Түгіскен елді мекенінің ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта құру» жұмыстарына республикалық бюджеттен 487 млн 384 мың теңге, облыстық бюджеттен 56 млн 69 мың теңге, барлығы 543 млн 453 мың теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аудан басшысының аз ғана мерзім ішінде аудан көлеміндегі барлық елді мекендерді аралап, ондағы жағдайларды толық бақылауында ұстап отырғандығына сүйсіндік. Қай ауылдағы мәселені де дереу ілкімді шешудегі ұмтылысы, әрине, құптарлық. Тағы бір айтарымыз, бір кездері ҰБТ сынағы кезінде келеңсіз оқиғамен елге танылған Жаңақорғанда білім саласында айтарлықтай ілгерілеушілік байқалды. Білім беру сапасын көтеруге бағытталған тиянақты жұмыстар өз нәтижесін берді. ҰБТ нәтижесі бойынша аудан көрсеткіші 81,6 балды құрады. Өткен жылғы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 13,1 балға жоғарылап отыр. «Алтын белгіге» ұсынылған үміткерлердің 71,4 пайызы өздерінің үздік білімін дәлелдеп шықты. Бұл саладағы алдағы міндеттер жуырда өткен ұстаздардың тамыз кеңесінде талқыланып, нақты бағыт- бағдар айқындалды. Оның үстіне мектеп басшылары мен мұғалімдерге деген талап та жоғары болмақ. Директорлар конкурс арқылы әділ таңдалып, жемісті жолды жалғастырады деген сенім де зор.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.







# ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ



**Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында еліміздің ірі баспа және кітап таратушыларының бірі – «Алматыкітап» баспасының «Жақсы кітап – жан азығы» тақырыбында көркем әдебиеттер көрмесі өтті.**

Көрмеде «Алматыкітап» баспасының өкілі – маркетинг басқармасының басшысы Бүбіхан Шәкиева өз өнімдеріне шолу жасап, олардың жас ұрпақ үшін, оқырман үшін маңыздылығына тоқталды.

Жалпы, «Алматыкітап» баспасының негізі 1999 жылы қаланған. 2004 жылдан «Алматыкітап» ЖШС болып аталады. Баспа негізінен баспалық өнімдерді басу және таратумен айналысады. Баспа көптеген халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысып, өзге шетелдік баспалармен тәжірибе алмасып отыруды дәстүрге айналдырған. Бүгінгі таңда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана «Алматыкітап» баспасымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп отыр және кітапхана қорын толықтыруда баспа өнімдері жүйелі түрде жеткізілуде.

– «Алматыкітап» баспасы еліміздегі тұңғыш баспаның қатарына кіреді. Биыл нарықта жүргенімізге 15 жыл болды. Негізгі бағытымыз мектепке дейінгі тәрбие орындарына, яғни, балабақшаларға оқулықтар дайындау. Біздің шығарған оқу-әдістемелік кешендеріміз үлкен сұранысқа ие. 2008 жылдан бастап білім туралы заңға өзгеріс енгізіліп, Елбасының бастамасымен елімізде бірінші сыныптан бастап, тіпті балабақшадан бастап балама оқулықтар дүниеге келді. Бұл жаңалық емес. Себебі, алыс-жақын шетелдерде, Азия мемлекеттерінде бір пән бойынша бірнеше оқулықтың дайынданылуы қалыптасқан. Бізде де сол мүмкіндік қарастырылды. Яғни, оқытушылар, тәрбиешілер салыстырмалы түрде сараптама жасай отырып, таңдап оқытуға мүмкіндігі бар. Мәселен, көрші Ресейде бір пән бойынша жеті оқулық бар. Ал бізде қазір бастауыш сыныптар бойынша екі баспа «Атамұра» мен біздің баспаның оқулықтары паайдаланылуда. Өкінішке орай, кейбір облыстарда мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында тек бір баспаның ғана оқулықтарын пайдалануға мәжбүрлеп отырған жағдайлар кездеседі, яғни, мұғалімдердің таңдау жасауына мүмкіндігі болмай отыр. Бұл дұрыс емес, – дейді Бүбіхан Шәкеева.

«Алматыкітап» баспасынан шыққан кітап негізінен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға арналған. Атап айтқанда, «Қазақ халқының салт-дәстүрі», «Қазақ халқының зергерлік өнері», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениет», «Қазақтың саят өнері» сынды осы кезге дейін 60-қа жуық кітап түрін шығарған. Ал Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қорнда баспаның 200-ге жуық өнімі бар екен.

Шара барысында сонымен бірге, Ахмет Тоқтабайдың «Қазақ жылқысының тарихы» еңбегі мен Зәбира Жәкішеваның «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты ктабының тұсауы кесілді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## ● МАМАНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

# ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚОЛТАҢБАСЫ



Кез келген адамның туабітті мінезі, бітім болмысы, қадір-қасиеті ана сүтімен дариды. Кейбір жандар томаға тұйық байсалды, енді бірі ашық ақжарқын болады. Бала кезден қалыптасқан қасиеттерін ешкім өзгерте алмайды. “Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан” деп Абай атамыз айтқандай, ер жеткен соң барлығы қоғамға қызмет етеді. Мен білетін Берік Болтайұлы солардың бірінші тобына жататын ерекше жаралған жан. Көп сөйлеп көкірек кермейді. Әр сөздің, әңгіменің астарына мән беріп көп тыңдайды. Елдің жүгін арқалап жүрген абырой асқарындағы дара тұлғалы азаматты аудан халқы құрмет тұтады.

Жалағаштың киелі топырағында дүниеге келген ол №31 орта мектепте оқыды. Оқушылық өмір қызық қой, әне-міне дегенше білім нәрімен сусындаған он жыл уақыт та өте шықты. Мектеп бітіруші сыныптас түлектер қимастықпен қоштасып жаңа өмірге қадам басып жатты. Берік болса, бала кезінен құрылысшы мамандығына қызықты. Жаңадан ғимараттармен тұрғын үйлер салып жатқан құрышқолды құрылысшылардың іс-қимылдарына қызыға да, сүйсініп те қараушы еді. Мектеп бітіретін жылы көп ойланып, ақыры бір шешімге келген-ді. Яғни, құрылыс саласы мамандығын алып қызмет етуді армандады.

Мектеп бітірген жылы Берік аудандағы “Межколхозстрой” құрылыс мекемесіне жұмысшы болып қабылданды. Сол жылдары ауданда құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатты. Берік болса тасқалаушылар бригадасында еңбек етті. Бригада мүшелерімен бірге талай үйлердің қабырғасын қалады, абыройсыз болған жоқ. Ең бастысы, кез келген құрылыстың іргетасы қаланып, төбесі жабылып, қашан пайдалануға берілгенше басы-қасында болды. Көзімен көріп, қолы үйренді. Құрылыс саласында жүріп тәжірибе жинақтаған жас жігітті жоғары оқу орнына түсіп мамандық алсам деген арман алға жетеледі. Ақыры ол Шымкенттегі Қазақ-химия технологиялық институтының өнеркәсіп және азаматтық құрылыс факультетіне түсіп, инженер құрылысшы мамандығын алып шықты.

Жоғары білімді маман Б.Тасыбай туған жері Жалағашқа келіп, ПМК-17 мекемесінде шебер, прораб, учаске бастығы болып жұмысқа белсене араласты. Аудан орталығы мен ауылдарда бірнеше құрылыс нысандарын салып пайдалануға берді. «ПМК-17» мекемесінде бірер жыл жұмыс атқарған қарым-қабілеті мол, білікті азамат партия-кеңес органдарына қызметке шақырылды. Жоғары оқу орнына түсіп қаржыгер мамандығы бойынша бітіріп шыққан Берік Болтайұлы Жалағаш аудандық кеңесі атқару комитетінде, аудандық комсомол комитетінде, аудан әкімі аппаратында нұсқаушы, сектор меңгерушісі, аппарат жетекшісі, кент әкімі, басқа да жауапты қызметтер атқарды. Қазіргі кезде ол Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылысы бөліміне басшылық жасап келеді.

“Елдің ісі ердің мойнында” деген даналық сөз бар. Екі институтты бітірген тәжірибелі маман он шақты жыл аудан әкімі орынбасары болып құрылыс саласына басшылық жасады. 2000-2010 жылдары ауданда атқарылған құрылыс жұмыстары халықтың көз алдында. Солардың ең бастыларын атап айтар болсақ, сол кезде бірінші кезекте кент орталығында ауызсу жүйесін жаңғырту мәселесі тұр еді. Аудан әкімінің орынбасары Б.Болтайұлы аталған ауызсу жүйесі құрылысына қаржы аудару үшін Астанада министрліктерді жағалап көп еңбек сіңірді. Соның арқасында 2003 жылы басталған аудан орталығындағы айналмалы ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары кезең кезеңімен атқарылып іске қосылды. Сондай-ақ Мәдениет, Аламесек, Жаңаталап ауыл округтеріндеде ауыз су жүйесі қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Жалағаш-Аққыр, Еңбек-Аламесек бағыттарындағы жолдар жөнделіп асфальттанды. Аудан орталығындағы “100 мектеп – 100 аурухана” бағдарламасы аясында №202 орта мектеп, “Ақмаржан” балабақша, Мақпалкөл ауылындағы емхана тағы басқа да құрылыс нысандары салынып ел игілігіне берілді. Әрине, бұл жұмыстарды құрылыс мамандарымен мердігер компаниялар, құрылысшылар бірлесіп атқарып сүбелі үлестерін қосты. Ал аудан әкімінің орынбасары Б.Тасыбай бөлінген қаржының игерілуі мен жұмыстың сапасына және мерзімінде орындалуына бақылау жасады. Осындай басшылықтың арқасында жыл өткен сайын, жаңадан салынған нысандар саны көбейіп кент орталығы сәулеттеніп келеді.

“Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер” дейді дана халқымыз. Беріктің ата-анасы да еңбегімен ел құрметіне бөленген ауданның ардақты ардагерлері еді. Әкесі соғыс және еңбек ардагері Болтай Тасыбаев кезінде Жалағаш ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Одан кейін көп жыл партия-кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарды. Анасы Мінәш Әлайдарова жас ұрпақ тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. “Ленин”, “Құрмет белгісі” ордендерінің иегері. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Міне, осындай өнегелі үлкен әулеттен тәлім алған Берік адал қызмет етіп абырой биігінен көрініп келеді. Жұбайы Гаюпова Айкерім бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген адал жар, аяулы ана. Мектепте ұстаз болып қызмет етіп, 53 жасында зейнеткерлікке шықты. Қазіргі кезде наубайхана-дүкен ашып, кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Айкерімнің наубайхана-дүкені қызметіне аудан халқы дән риза. Ұн өнімдерінен бөлке нан, тәтті тоқаштар, торт, самса секілді көптеген түрлері дайындалады. Сондықтан аудан орталығындағы бұл наубайхана өнімдері көпшіліктің сұранысына ие.

Азамат – елдің ажары. Елге еткен еңбек еленбей калмайды. Ер азаматтың еңбегі ескеріліп, жуырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасының “Құрметті құрылысшы” атағына ие болды. Аймақ басшысы құрылысшылар мерекесі күніне орай облыс орталығында өткен салтанатты жиында Б.Болтайұлына “Құрметті құрылысшы” төсбелгісін салтанатты түрде тапсырып, алдағы қызметіне табыс тіледі. Бұл құрылыс саласының білікті маманының туған жерді өркендетудегі белсенді еңбегіне берілген лайықты баға деп білеміз. Құрылыста талай қолтаңбасы қалған азаматтың алар асулары да алда.

**Б.СЕРІКОВ.**

## ● ТЫҢ ТУЫНДЫ

# ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕРДІҢ ЖАҢА ЕҢБЕГІ

**Таяуда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бегімбай Ұзақбаевтың «Адалдықтың ар семсері» атты кітабы жарық көрді. Қарымды қаламгер тың туындыда Ұлы Отан соғысының ардагері Сәден Ағыбайұлы жайында сыр шертеді.**




Бұл кітапта жазушы Сәден ақсақалдың Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері мен соғыстан кейінгі жылдары Қызылқұм өңіріндегі қой шаруашылығын дамытуға қосқан үлесін негізге ала отырып, сол кездегі аумалы-төкпелі кезеңді айқын суреттейді. Ашаршылық пен қуғын-сүргінді басынан өткерген кейіпкер шайқаста ел мен жердің азаттығы жолында майдан даласында ерлік көрсетті.

Тың туындыда Сәден ақсақалдың қой шаруашылығын дамытудағы еңбегі де ескерусіз қалмаған. Атқарған істері айналасына үлгі болып, сол ауылдың данагөй ақсақалына айналды. Шаруашылығын алға өрлетіп, сол кездегі тұрмысы тұралаған қазақ жұртының әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек етеді. Кейінгіге қалдырған жақсы тәрбиесі мен өшпес өнегесінің арқасында ортасына сыйлы болып, ауылдың бірлігі мен өсіп-өркендеуі жолында біршама жұмыстар атқарды.

Қос майданның қаһарманы туралы туынды ел мен жер тарихын тани түсуге талаптанған оқырман үшін олжа болары сөзсіз.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

## ● ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

# ҮЗДІК КЛУБ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Жақында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, аймақтық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы және Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бірлесе отырып, өңірдің мәдениеті мен өнеріне еңбегі сіңген ардагер, «Мәдениет қайраткері» Сұлтан Сармолдиннің жүлдесі үшін ауылдық клуб меңгерушілерінің «Үздік клуб қызметкері – 2015» атты кәсіпқойлық сайысын өткізді.

Сайыстың басты мақсаты – жас мамандардың шеберлігін шыңдау, ауылдық клубтардағы қызметкерлердің кәсіпқойлық деңгейін анықтау, олардың белсенділігін арттыру, заман талабына сай мәдени-демалыс қызметінің жұмысын жетілдіру, жергілікті тұрғындардың талап-тілектеріне сай мәдени қызмет көрсету.

Сайыста ЛЭД экран арқылы Қармақшы ауданы мәдениеті мен өнеріне еңбегі сіңген ардагер Сұлтан Сармолдинның өмірінен бейнетаспалар арқылы қысқаша мағлұматтар беріліп, сюжеттер көрсетілді. Сондай-ақ, марқұммен кезінде бірге қызметтес болған замандастары, мәдениет саласының ардагерлері – «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегерлері Ш.Орынбаева, А.Меңбаева, С.Бәйімбетова қатысып, аяулы азаматтың қызмет жолындағы өнегелі істерін келер ұрпаққа үлгі етті.

Облыс аудандары мен Қызылорда қаласында алдын ала сайыстың іріктеу турлары өткізіліп, үздік деп танылған 8 ауылдық клуб меңгерушісі облыстық сайысқа қатысты.

Сайысқа облыс бойынша 8 ауылдық клуб қызметкері қатысып, белгіленген шарттар бойынша бақ сынасты. Жарыс қорытындысында бас жүлдені Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылдық мәдениет үйінің директоры Талғат Асылбеков, І орынды Жалағаш ауданы Таң ауылдық клубының қызметкері Айбек Есжанов, ІІ орынды Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық клубының меңгерушісі Жәнібек Сыздықов және Шиелі ауданы Алғабас ауылдық мәдениет үйінің маманы Анар Ысқақова өзара бөліссе, ІІІ орынды Арал ауданы Қарақұм ауылдық клубының меңгерушісі Асылхан Есжанов пен Қазалы ауданы Басықара ауылдық клубының меңгерушісі Лаура Шайхиева иеленді. Сайысқа қатысушы басқа талапкерлер мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Алғыс хатымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Сондай-ақ сайыста өз өнерімен ерекшеленген Шиелі ауданы Алғабас ауылдық клубының қызметкері Ұлжан Сандыбаеваға мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ комитеті атынан «Арыс» шипажайына жолдама табысталды.

**Қарлығаш ЖҮСІПОВА,**
**облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бөлім басшысы.**

# ЕҢКЕЙМЕЙ

**Биыл қарымды қаламгер Құттыбай Сыдық тірі болғанда 70 жасқа толар еді. Журналистік жолын аудандық басылымнан бастаған Құтекең кейіннен облыс баспасөзінің қарашаңырағы саналатын «Сыр бойы» газетінде еңбек етті. Ел еркіндік алған тұста түрлене түскен басылым бетінде түрлі тақырыпқа түрен салған ақмылтық журналист Құттыбай Сыдықтың да қолтаңбасы қалды. Республикалық басылым беттерінде де елдің тыныс-тіршілігі жайлы толғақты мақалалары жиі шығатын Құтекең ең бастысы қаламға адал болды. Кейіннен республикалық «Халық кеңесі», «Заң», «Алтын Орда» басылымдарында еңбек еткенде де осы қасиетінен айныған емес.**

**Қаламгердің 70 жылдығына байланысты оның отбасы қатар жүрген азаматтардың естеліктерін топтастырып, «Еңкеймей өткен ер» атты кітап шығарып отыр. Бүгін сол жаңа туындыға түскен естеліктерден үзінді бергенді жөн көрдік.**

## ЕҢКЕЙМЕЙ ӨТКЕН ЕР

Жаз. Аптап буып тұр. Ақмола жаңа-жаңа астана атанып жатқан кез. Бір жағынан масасы талап, бір жағынан шегірткесі қаптап, шаһарды шат-шәлекейге түсіріп тұратын. Шілденің шіліңгірінде де терезені жауып қоясың амалсыз. Жексенбінің таңы еді. Қоңырау шырылдайды. Уйқыны қандырмаған кім болды екен деп барсам – Құтекең. Жанында Қуанышкүл жеңгей.

– Қандай қала бұл өзі?.. Терезені ашсаң маса кіріп кетеді, есікті ашсаң адам кіріп кетеді... – деймін табалдырықта тұрып ұйқылы-ояу кейіппен.

– Ой, сонда не?... Келмейміз бе енді? – дейді сасып қалған Құтекең. Амандықсаулықсыз айтылған мына сөзден қысылып жеңгей тұр есіктің арғы жағында...

Осындай әзілді адам кімге айтады? Ең жақын, өзімсінген адамына айтады.

Құттыбай мен үшін сондай жан еді. Мына өмірдің маған тартқан бір сыйы еді Құтекең. Жас күннен жанымыз жарасқан жайсаң досымыз болатын. Тіршіліктегі бір тірегіміз болатын. Студенттік шақты Құттыбайдай азаматпен бірге өткізу, университеттен кейін де ұзақ жылдар бойы жақын араласып-құраласу оның достарының мінез бітімінің қалыптасуына әсер етті деп сеніммен айта аламын. Бір рет те өтірік сөйлемейтін, бір рет те өтірік күлмейтін, тал бойынан жасандылық атаулы табылмайтын мұндай адамдар қазір тұрмақ, өткен ғасырдың өзінде онша көп кездесе бермейтін. Құттыбай сондай сиректердің сойынан.

Өзі бізден алты-жеті жас үлкен-тін. Оқуға жүріңкіреп түскен жігіттердің, әсіресе біздің Құттыбай сияқты үйленіп, екі-үш баласы болып барып студент атанғандардың мектептен келгендердің арасына сыйысыңқырамай тұратындары аз кездеспейді. Кейбіреуі үлкендігін көрсеткісі келіп, әу баста әдейі сыймай жүреді, сөйте-сөйте ортаға сыя алмай қалады, кейбіреуі ақыры сыйыса алмай-ақ қояды. Құттыбаймен бірден-ақ құрдасымыздай араласып кеттік. Екінші курстан бастап-ақ жеті жігіт жұбы жазылмайтын дос болдық. Құттыбай, Шәкизада, Жолдас, арамыздағы Заманбек, Ағайдар, Тілеуқабыл, мен жүрсек те, тұрсақ та бірге едік. Ақыры төртінші курстың қысқы семестрінен кейінгі он күндік демалыста бір-біріміздің үйді-үйімізге барып, ата-аналарымызбен, ағайын-туғандарымызбен танысып, араласып-құраласып қайтуымыз арамыздағы тіпті жақындастырып жіберді. Тіпті жақындастырып жібергені сол емес пе, жаңағы жеті жігіт «Таң» совхозындағы Құтекеңнің үйінде отырғанда түнге дейін дуылдағанымыз аздай, түн ортасында залдан шыға қалса Құттыбайды «Ой, сен қайдасың?», «Қонақтарын тастап, дастарқаннан тұрып кететін қандай қазақты көріп едің?» деп жазғырып жататынымыз. Таңертең тағы жол жүретініміз, енді Шәкизаданың ауылына – Қармақшы жаққа қозғалатынымыз, Құтекеңнің үйіне бір-ақ қонатыны ойымызда да жоқ. Сонда ғой тағы бір айқайлап шақырғанымызда Құтекеңнің жатын бөлмеден шығып, бізге ызалана қарап: «Вообще, сволочь екенсіңдер ғой!» дейтіні... Онысы рас еді.

«Өмірден өткеннің жаманы жоқ» дей беру де дұрыс емес. Рахметтік болғанның бәрін аспандата сөйлеу де біржақтылық. Алпыс жылдық өмірінде Құттыбайдың өмірінде не болып, не қойғанын біз толық біле алмаймыз. Бәлкім, ол да бірде болмаса



бірде біреулерді ренжіткен шығар, бәлкім оның да бірде болмаса бірде айтқанының үдесінен шыға алмаған кездері бар шығар. Өмір ғой. Оның бәрін біз анық білмейміз. Бірақ біз басқа бір нәрсені анық білеміз. Ол – Құттыбай Сыдықов деген адамның жүрегі таза, бір сөзді, риясыз, шыншыл, уәдеге берік, достыққа адал, ағайынға бауырмал, балаға мейірбан, жұмысқа жауапты, әділетсіздікке төзбейтін, ақиқат жолында ағына дейін алысатын азамат болғаны. Ешқашан ар ұялар іс қылмағаны. Ешқашан қызмет үшін, мансап үшін, тіршілік үшін ешкімнің алдында иілмегені. Ешқашан жалған сөйлемегені. Қазақтың журналистикасы мен әдебиетіндегі қарымды қаламгерлердің бірі болғандығы. Қандай жағдайда да өзі де, сөзі де адал күйде қалғандығы.

Сондай жігітпен, мына өмірден еңкеймей өткен ермен отыз бес жылдай жолдас, дос болған тағдырымызға шүкіршілік айтамыз.

**Сауытбек АБДРАХМАНОВ,**
**«Егемен Қазақстан» республикалық газеті АҚ президенті, филология ғылымының докторы, профессор.**

## ҚҰТТАШ

Өткен жүзжылдықтың жетпісінші жылы бағымыз жанып, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскен елудей қыз-жігітті қасиетті қара шаңырақ – оқу орнымыз Алматы облысы Шелек ауданының Бәйсейіт аталатын ауылына темекі теруге жіберді. Болашақ журналист атанған студенттердің бәрі дерлік шетінен сен тұр мен атайын дейтіндей арынымен де, шабытымен де айға атылғалы тұрған сойқандар секілді. Әңгімелесе қалсаң, бәрі жазушы, бәрі ақын, оңай-оспақ бірі жоқ, әдебиет, поэзия, проза, баспасөз, радио мен телевизия жайында бірдеңе айтылса, бірінің аузындағы сөзін бірі қағып әкетіп, кез келген тақырыпты жіліктей шағатындар кілең. Кешкілік жұмыстан кейін үсті-басы, бет-ауыздарына қонған шаңтозаңды суық сумен шая салып, жерге етпеттеп жата кетіп, қалам-қағаздарына жармасып өлең жазуға кірісетіндері қаншама!.. Солардың арасында жүріп, ішіндегі ең осалы мен емес пе екем деп қарадай куыстанады екенсің. Шынында да кейіннен курсымыздан күллі елімізге белгілі танымал талай тұлғалар шықты. Ол енді өз алдына бөлек әңгіме.

Жастар жүрген жер қашанда – әзіл, күлкі, сан алуан қызықтар. Біріміздің туған күнімізді сылтауратып, дереу басымыз қосылып, міндетті түрде тойлатамыз, думандатамыз. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған уыздай жас жігіттер мен қыздардың мінез-құлық, жүріс-тұрысын әлі нақты бағамдай алмай жүрген кезіміз. Бірде осындай кезекті туған күнде отыр едік. Жас шамасы жиналғандардың біразынан үлкендеу Гүлфайза есімді курстас қыздың қасына жайғасқан қаратора өңді, қалыңдау қара мұртты, орта бойлы жігіт бөлме толы студенттерге бұйыра сөйлеп: «Әй, былай ығылысып-тығылыспай сиысып отырыңдар!»-деп өктемдеу тіл қатты. Өзінің кісіге өткір көзімен шаншыла қарайтын әдеті бар екен. Біреудің бұйыра, әмір ете сөйлегенін онша жақтыра қоймайтын «алаңсыз, ойсыз жас күніміз» (Абай) ғой, несін жасырайық, сол кештің барысында әлгі жігітпен бірер мәрте шәлкем-шалыс кеп те қалғанбыз. Әйтеуір, абырой болғанда Гүлфайза бәрімізді жақсы көретін орыстың тамаша ақыны Михаил Светловтың «Гренада» өлеңін нәшіне келтіре оқып, поэзия құдіретіне ден қойған жұрттың болмашы өкпе-реніші заматта тарап кеткендей болды.

Сонымен қоңыр күзде оқуымыз да басталды. Деканымыз Тауман Амандосов жарықтық кеңес әскері қатарынан жуырда ғана оралған мені сақа жігіт санады ма, кім білсін, әйтеуір, «А» тобының старостасы етіп тағайындап, қолыма сол топтың журналын ұстатты. Біздің топтағылардың бәрі дерлік оқуға түспес бұрын бірер жыл өндіріс орындарында еңбек етіп, әскер қатарындағы азаматтық борышын өтеп қайтқан, қысқасы, не керек, кейін айтып жүретініміздей «өмір көріп» келген жастар екен. Осы күнгі белгілі жазушы, жасы бәрімізден үлкеніміз Атырау облысының Қызылқоға ауданынан келген Марат Мәжитов, сол аймақтағы Балықшы ауылының жігіті, кейін Семей облысының Мақаншы ауданынан келіп, оқуға түскен Майра атты қызымызға үйленіп, университеті тамамдаған соң, келіншегін ертіп еліне аттанған, талай жылдар бойы Қазақ радиосының сондағы меншікті тілшісі болған Кәрім Бахреддинов, Алматы облысының Панфилов ауданынан келген, кейін Президент әкімшілігінде көп жыл қызмет атқарған Қадыр Әлімқұлов, ұзақ жылдар бойы «Алматы ақшамы» газетінің, «Парасат» журналының бас редакторы болған Ерғали Сағатов, «Егемен Қазақстан» газетінің президенті Сауытбек Абдрахманов, қазір «ҚазМұнайгаз» мекемесінде жауапты қызмет атқарып жүрген Ағайдар Ысымов, баспасөз және басқа да салаларда абыройлы қызметтер істеп, аттары мұқым елге танылған, бүгінде марқұм болған сайыпқыран журналистер – Болат Шубаев, Шәкизада Құттаяқов, Жолдығали Бақытов... және басқа да курстастар, қашанда мақтан тұтуға әбден тұрарлық әріптестеріміз...

Сөйтіп, сабаққа кірісіп кеттік. "Қазақ тілі" пәні оқытылады екен. Оқытушымыз Дәулетова Ақанай апай кесек пішінді, зор денелі адам еді, жарықтық. Шыны керек, осы қазақ тілінің грамматикасы, ережелеріне келгенде мектептегі кезімнен кібіртіктеп қалатыным бар. Курстастарымыздың біразы сондай екен. Содан ғой, апай бір ереженің мәнін сұрағанда тап басып жауап бере алмаған Ерғали аузына түскенін айта салып, оқытушы: «оны қайдан білдің?» дегенде, «жүрегім сезіп тұр» деп жұртты ду күлдіретіні. Осы айтқаны кейін қанатты сөзге айналып, нақты білмей тұрған нәрсемізді «жүрегім сезіп тұр» дей салатынымыз бар. Ал курстасымыз Құттыбай Сыдықов («баяғы ығылысып-тығылысып» отырыңдар дейтін мұртты жігіттің дәп өзі) қазақ тілі сабағында алдына жан салмайтын. Сөз таптарын, грамматиканы жеріне жеткізе талдап, қазақ тіліне қатысты біздің біле бермейтін дүниелерді шемішкеше шағып, алғашқы сабағында жазған диктантымызға жаппай «екілік» қойған ұстазымызды дән риза қылатын. Құдды, кеше ғана мектеп табалдырығынан шыққан оқушы бала тәрізді, әйтеуір, қазақ тілі пәнінен қамшы салдырмайтын. Тегінде, өзінің мінезі шатақтау ма десем, олай емес, өзім дегенге өзегін жұлып беруге даяр, нағыз жаны жайсаң жігіттің төресі болып шықты. Университетте қатар оқыған жігіттер өзін көтермелеп «Құтташ» дейтінбіз. Сөйтіп, бірінші курстан жан аяспас достар боп кеттік. Бұрын да бірнеше рет айтылғандай, біздің осы достар өз арамызда да, сыртқы ортада да «жеті дәруіш» аталатын. Жас шамасы жағынан үлкеніміз Қызылорданың Жалағаш ауданынан келген осы Құттыбай, одан кейін кеңес әскері қатарындағы екі жылдық мерзімді қызметтен оралған қармақшылық Шәкизада, зайсандық мен, Шымкенттің Келес ауданынан келген Сауытбек, Қызылорданың Шиелі ауданының тумалары Ағайдар мен Жолдас және түркістандық Тілеуқабыл. Қайда барсақ та жұбымыз жазылмай бірге жүреміз. Тіпті жазғы демалыс кезінде де ауылшаруашылық жұмыстарына барғанда да, бір бөлмеге орналасуға тырысатын едік.

Үшінші курстың қысқы каникулында оңтүстік өңірде тұратын жігіттердің үйлеріне қонақ боп қайтуға ұйғардық. Осы сапарымыз жайында бұрын да жазғанбыз. Әйткенмен қазіргі әңгіме Жалағаш ауданының Таң ауылында тұратын Құттыбайдың отбасына барғанымыз жайында. Құтекеңнің ауылына барар алдында Қызылорда қаласында болғанбыз. Сондағы педагогикалық институтта оқитын Шәкизаданың таныс қыздары шақырып, жатақханаларына қонаққа барған едік. Қысқасы, түннің бір уағына дейін сонда отырып, одан шыққан бойда Құтекеңнің енесінің үйіне жетіп, сәл тыныққан ырымын жасағанбыз. Таң атысымен орнымыздан тұрып, шай ішкен болдық. Бірақ дастарқандағы ештеңеге көңіл шіркін шаппады. Енді Жалағашқа аттануымыз керек. Бәріміз сол түнгі сайраннан кейін сең соққан балықтай өзімізге өзіміз келе алмай есеңгіреп отырмыз. Сөйткенше болған жоқ есік қағылып, артынша үйге екі қыз кіріп келді. Екеуі де үріп ауызға салғандай әдемі қыздар көрінді. Әсіресе біреуі тіптен аққудың көгілдіріндей, бет жүзі жұмыртқадай аппақ, аса сұлу екен. Өзі біздің Тілеуқабылдың Түркістан қаласында бірге оқыған сыныптасы екен, келгенімізді естіген соң өз бөлмелеріне қонаққа шақыра келіпті. Құттыбайдан басқамыз кіл бойдақ, екі көзіміз әлгі қыздарда, жылан арбаған торғайдай тәңіріміздең жаздық та қалдық. Құттыбайдың сөзі уақытымыздың тым тығыздығын, бүгін Жалағашта болуымыз керектігін, онда өзінің отбасы күтіп отырғанын айтып, рақмет, бара алмаймыз дегенге саяды. Сонсын "сендер де мені қолдап, бірдеңе десеңдерші" деген пішінмен біздерге қарап қояды. Ал бізде тырс еткен үн жоқ. Жорта шай сораптаған болып, тіл қатпаймыз. Қыздар бір күннің арысы не, берісі не, ертеңге дейін қала тұрсаңыздаршы дейді. Тіпті сөз арасында декандарының қатал екеніне қарамастан, бізді қонаққа шақыру үшін сабақтан қашып кеткендерін де тілге тиек еткен. «Ой, сіздердің декандарыңыз біздікіне қарағанда не? Нағыз ұрып жіберетін біздің декан ғой» деп күледі Құтекең мұрты едірейіп. Деканымыздың шынында сондай екені рас-ты. Ақыры қыздар тіпті жалынуға шақ қалған. «Онда мынадан алып қойыңдар, сонсын көреміз» деді Құттыбай үстел үстінде ешкімнің құлқы соқпай мөлдіреп тұрған стакандарды нұсқап. Қыздар болмашы ғана ериндерін тигізді, ал біз манадан бері қолымыз бармай отырған стакандарды қалай төңкеріп қойғанымызды өзіміз де сезбей қалыппыз. Бірақ Құттыбай бәрібір жібімеді. Кетеміз-кетемізбен тас боп қатты да қалды. Амалы құрып, есіктен үнсіз шығып бара жатқан әлгі қыздардың соңынан біз де нәумез күйде қала бердік. Естіртіп айтпағанмен, «соншалықты мұнысы несі? Бір күн аялдасақ, не бүлінер еді?» дейміз ғой іштей. Бірақ енді баратын Жалағаштың Таң ауылында екі көзі төрт болып, Құтекеңнің жан жары, үш қызы, әкесі, інілері мен қарындастары күтіп отырғаны шыны керек, ол кезде біздің қаперімізге пәлендей кіре қоймапты...

Сөйтіп, Құттыбайдың үйіне де жеттік. Үй ішіндегілер алыстан бұрын көрмеген жақын туыстары келгендей шулап-шұрқырап қарсы

алды. Мәре-сәре күй кештік. Алдымен отағасыға, Құттыбайдың әкесіне сәлем бердік. Жымия күліп, риясыз көңілмен бәрімізге туған бауырлары келгендей қуана күлген Құтекеңнің жан жары Қуанышкүл жеңгемізбен дидарластық. Бауыр-қарындастарымен таныстық. Үлкен қызы Майра мектепте оқып жүр екен. Одан кейінгі шаштары иықтарына төгіліп тұрған сүйкімді кішкентай екі қызы әрқайсымыздың тіземізге отырып, алыстан жақын ағалары келгендей аз ғана уақыттың ішінде бізге әбден бауыр басып кетті. Алматыдан Құтекеңнің бірге оқитын достарының келуіне байланысты кешкісін үйге сол ауылдағы кластас жолдастары мен бұрынғы қызметтестері жиналған. Өздері сол ауылдағы түрлі мекемелерде еңбек ететін азаматтар ғой. Және бәрі шетінен маңғаз, ұстамды, ұнамды костюм киіп, мойындарына галстук байлаған жігіттер мен әдемі көйлек киген кербез келіншектер көрінеді. Ал біз оларға қарағанда жастық қызуы әлі басылмаған, аузымен от шайнап, жалын бүркуге дайын тұрған, әлі де шалдуарлығымыздан арылып болмаған нағыз «қарақтарымның» өзі екенбіз. Бірер жыл Алматыдағы оқуда қатар жүрген Құттыбайдың да бізден айырмашылығы айтыпты. Сол газет беттерін парақтағанда бұған әбден көзіміз жетті.

Кейіннен бұрын бойдақ жүрген достар бәріміз үйлі-баранды болдық. Алған келіншектеріміздің бәрі бір-бірлерімен тату-тәтті тіл табысып, жақсы жарасып кетті. Сөйтіп, бәріміз отбасыларымызбен араласып тұратын болдық. Құттыбай мен Жолдастың қызметтері де, үйелмендері де Қызылорда қаласында еді.

Құттыбай арқасы қозған кезінде домбыраны қағып-қағып жіберіп, Сыр сүлейлерінің термелерін де толғайтын. Сонсын тағы бір айтатын өлеңі былай еді:

> Ауылымызда қос қайың жайқалады,
> Көптен сырлас екені байқалады.
> Қатар өскен осынау бір қос қайыңдай
> Қашан біздің көңіліміз жай табады.
> Өткен күнге мен-дағы өкінемін,
> Ренжіме, жан құрбым, өтінемін.
> Қалай ғана жас жүрек жібі үзілді,
> Тек бақытты болғайсың сол тілегім...

Күндердің күнінде Құтекең ердің жасы елуге жетті. Ол кезде өзі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің органы «Халық кеңесі» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі. Тұс-тұстан артынып-тартынып тойға келдік. Қатарымыз

# ӨТКЕН ЕР



шамалы секілді. Түн ортасынан бауғыда ауып кеткен. Ауылдан жиналған қонақтардың бәрі үйді-үйіне тарапты. Ортада алаңсырып билеп жүрген өзіміз ғанамыз. Шаршау, демалу деген біріміздің қаперімізге кірсейші. Жырылып, залдан шығып кетуге ыңғайланған Құттыбайды қайтадан сүйреп әкеліп, биге қосамыз. Ал ертеңгісін Шиелі ауданына қарай жол жүрмекпіз. Оған дейін ұзаса төрт-бес сағат қана уақыт қалып тұр. Онда шаруамыз қанша, бәріміз әбден еліріп алғанбыз. «Әй, сендер мені келіншегімнің қасына жіберсеңдерші!» деді ақырында кеңк-кеңк күлген Құтекең. Айлар бойы көрмеген жас келіншігінің қасына жібермей оған қаншама қиянат жасап жүргенімізді енді ғана түсінгендей ақыры кең залда өзіміз қала бердік...

Университеттегі бес жылға созылған оқу кезінде қаншама қызықтарды бірге өткізген жан қимас достар едік. Сол жылдарда кітапханадан шықпай, тек кітап кеміруден болдық десек, онымыз Құдай алдында да, адам алдында да өтірік болады. Жастық дәурен, жалынды шақтарымызда заманымызға тән қызықтарды біркісідей көрдік десек, шындыққа біртабан жақындар едік.

Кейін оқуды тамамдап, қолымызға диплом алып, өмір соқпағы әрқайсысымызды әр жаққа таратып әкеткен кезде де қарым-қатынасымыз үзілген емес. Жан жары Қуанышкүл елінде бала-шағасының қасында қалып, мектепте ұстаздық ете жүріп Құтекеңді бес жыл бойы сарыла күтті. Қолына мамандығы «журналист» деген қатырма қағазын алған Құттыбай еліне қайтты. Біздер Алматыда қалдық. Құтекеңнің туған елінде атқарған қызметтері, қалам қайраткерлігі жайында бірге жүрген әріптестері республикалық, облыстық мерзімді баспасөзде, радио-телевизияда жеткізіп-ақ кемімеген, аман-сау күйде едік. Той тамаша өтті. Облыстың түрлі дәрежедегі басшыларының да қатысқаны есімде. Қызылордалық ақын-жазушылар, журналистер де төбе көрсетті. Ортамыздағы үлкеніміз Құтекеңнің ердің жасы елуге келген мерейлі мерекесін осылайша ән-жырмен, жарасты әзіл-оспақ, әуелеген ән, күмбірлеген күй сазымен қарсы алғанбыз...

Менің Ақтөбе қаласында бір әпкем тұрады. Сол кісінің шаңырағындағы түрлі қуаныштарға отбасым және осы Алматыда тұратын туыстармен бірге анда-санда барып тұрамыз. Ақтөбе жаққа бет алғанымызды Қызылордадағы достарға алдын ала білдіріп қоятынбыз. Пойыз бір тәулік дегенде Қызылорда вокзалына келіп жетеді. Перронда Құттыбай мен Қуанышкүл, Жолдас пен Ұлымгүл қолдарына бір табақ етін ұстап, күтіп алатын. Вагоннан түскен Кәбира екеуміз құшақтарына қысып, бәріміз мәре-сәре болушы едік. Тағы бірде барғанымызда қайтпас сапарға аттанған Құтекеңнің орнына туған інісі шығыпты. Түр-келбеті ағасынан айнымай қалған. Жүрегіміз шым ете түсті. Енді бірде Жолдастан да айырылған соң перроннан бізді қарсы алуға Қуанышгүл пен Ұлымгүл екеуі ғана шыққан екен. «Достарымыз кеткен соң, келіншектері қарсы алуға да жарамады» деп айтатын шығар деп, ұялғанымыздан келіп тұрмыз» деп әзілдеген боп қойды. Тағдырдың ісіне не шара?

Кезінде аудандық газетте, одан кейін Қызылорданың «Сыр бойы» облыстық мерзімді баспасөзінде қалам қайратын шыңдаған, бұдан соң «Алтын орда», «Заң» сияқты басылымдардың меншікті тілшісі қызметін атқарған, талай сүйекті, елді елең еткізер мақалаларды дүниеге келтірген әділдік жолында кімдермен болса да аянбай күрескен ақмылтық журналист Құттыбайдың сондай-ақ көркем әдебиет саласында да өнімді еңбек еткені баршаға мәлім. Оның «Белгі», «Дария жыры», «Табиғат трагедиясы», «Босқындар» іспетті прозалық шығармалары тұнық сезім, ойлы байлам, қызықты шешімдерімен де оқырманын тәнті еткен туындылар. Бұлар кезінде облыстық, республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған. Астанадағы «Фолиант», баспасынан Қызылорданың «Сырдария кітапханасы» сериясымен шыққан әңгіме, повестері аталған кітаптардың ішіндегі сүбелі шығармалардың бірінен саналады. Әрине, Құтекеңнің жазғанынан жазары көп еді. Көкейінде пісіп жетілген, тек ақ қағазға түсіруге үлгермеген дүниелері өзімен бірге кетті. Амал қанша? Осыған да қанағат дейміз. Әйткенмен, өз басым Құттыбайдың атын мәңгі ұмыттырмайтын, ендігі өмірінің жалғасы артында қалған шынайы шығармалары деп бес қызы мен жалғыз ұлы Мұратты айтар едім. Балаларын аса тәрбиелі ғып өсірді, оқытты, тоқытты, қатарынан кем қалдырған жоқ. Қыздарының әрқайсысы бір-бір шаңырақтың отанасы, бұл күнде өздері де бала-шағалы. Сүт кенжесі Мұраты да үйленген, ол үйдегі келін қыз да, ұл да туып, Қуанышкүл шешелеріне немерелер сүйгізіп отыр.

Уақыт шіркін жүйрік қой. Егер тірі жүрсе, Құтташ бүгінде жетпіс деген жастың желкесіне шығатын еді. Жетпіске келген мерейтойын ел-жұрты, бала-шаға, туыстары, достарымен бірге тойлатар едік. «Ей, оңбағандар, келіп қалдыңдар ма?!» деп қиық мұртынан күліп тұрар еді қайран Құтекең. Бірақ тағдырға не шара, жетпісі түгілі алпысын да тойлай алмай кетті. Әйткенмен, артында қыздары мен өзі талай жыл арман еткен ізбасары Мұраты қалды. Өмір бойғы шырақшысы, артында қалған қағаздарын жинап-теріп, болашаққа кәдеге асар деген үміттен бір сәт те көз жазбаған жан жары, асыл жеңгеміз Қуанышкүл қалды. Өзі жоғын жоқтап, әділдік жолында талай мәрте отқа түсіп жүретін қалың қазағы – туған елі қалды. О дүниеге аттанған жанға ештеңенің қажеті жоқ. Ештеңе сұрамайды да. Әйткенмен, артында өлмейтұғын сөзі қалған абзал жанның есімін ардақтау өзінің кіндік кесіп, кірін жуған еліне сын. Қайтпас сапарға кеткеніне он жылдан асқан Құттыбай Сыдықовтың атына бір көше беру Қызылорда секілді қазақ халқының қаймағы бұзылмаған қасиетті мекеннің елі үшін мойнындағы борышы дер едім.

**Заманбек ӘБДЕШЕВ,**
**Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

## АҒАМДАЙ БОЛЫП КЕТКЕН АЗАМАТ ЕДІ

Өзімде бірге туған бауыр болмағаннан кейін жасы үлкеннің бәрі мен үшін аға болып көрінетін. 1970 жылы Алматыға келіп КазГУ-дің табалдырығын аттағанда жасы үлкендеу студенттердің бәріне «сіз» деп сызылып тұратынмын. Балдәурен шақты бірге өткізген достардың бәріне Құтеке болған Құттыбай Сыдықовқа деген ізетім осы қалыптан айнығын емес. Уақыт өте келе оның аққөңіл әрі аңғал мінезіне қаныктым. Үлкен-кішіге бірдей қарапайымдылығына көзім жетті. Сосын оған еркелейтіндi шығардым. Тіпті қатарымдай көріп, қалжыңдасқан сәттерім де аз болған жоқ. 1971 жылдың жазында бірінші курсты аяқтап, бұрынғы Торғай облысының Жаңадала ауданындағы Нахимов атындағы кеңшарға келгенбіз. Мақсатымыз – астық орағына қатысу. Науқан басталғанша комбайн жөндеу жұмыстарына қатысып, тәжірибе жинақтауымыз керек екен. Көңілді күндер зулап өтіп жатты. Күні бойы жұмыстамыз, кешке доп қуамыз. Жүзіміз тотығып, күнге күйгеніміз болмаса, Алматыдағыдан айырма жоқ. Дәл осы кезді Артығали Ыбраев досымыздай бір шумақ өлеңге сыйдырған ақын жоқ шығар сірә! Ол былай деп еді:

> Біз келген жердің аты – Жаңадала,
> Бір күнде болып шықтық қара бала.
> Қолды біз жуып жүрміз соляркамен,
> Бетті де жуамыз-ау бара-бара.

Бір күні түскі тамаққа ертелеу келіп, асханада «ішім толып» жүргенмін. Дәм таратыла бастаған шақта Құттыбай да көрінді. Қолын жуып, отырмаққа ыңғайлана бергенде орындықты тартып қалдым. Құтекең тас еденге жалп ете түсті. Жұрттың бәрі жайсыз көрініске күліп жатыр. «Әй, бір таяқ жейтін болдым-ау» деп мен тұрмын. Ал Құтекең болса, «баламысың деген, осыны қызық көріп тұр ғой бұл» деп сәл жымиды да қатарымызға жайғасты. Ашуланған да жоқ, ренжіген де жоқ. Аға мен інінің арасында бола беретін осы көрініс 45 жылдан бері менің көз алдымда.

Біз бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай едік. Сәл көрмесек сағынысып қалатынбыз. Бұған мысал ретінде мына оқиғаны айтар едім. Үшінші курсты бітірген жылы біразымыз баяғы үрдіспен Жаңадала ауданындағы Нахимов кеңшарына тағы келдік. Ал Құттыбай студенттік құрылыс отрядына комиссар болып, бір топ жастармен Қима ауданының Терісаққан кеңшарына кетті. Нахимов пен Терісаққанның арасы 50 шақырымдай. Біз бидай орағына қатысамыз, Құттыбайдың жасағы құрылыс салады. Тамыз айы туып, жұмыс екі жақта да қызып жатқан кез. Құрылысшылар күніне орай қызықты баскосу өткізіледі деген хабар алдық. Балалықты қойсаңызшы, 4 жігіт болып сол жиынға жаяу жетіп едік. Құттыбайдың қыз-жігіттері аянбай күтті. Ән салып, би билеп, ерекше әсермен қайтқанбыз. «Шіркін, ол да бір дәурен екен ғой» деп Құтекең қызықты хикаяға толы осы сапарды талай рет сағынышпен еске алып еді.

Құтекеңнің пейілі даладай, мінезі баладай еді ғой. Туған күн кештерінде төрге отырғызып, қолымыздан келгенше сыйлайтынбыз. Домбыра шертетін. Сыр сүлейлерінің мақамына салып, терме айтқанын талай тыңдадық. Отырыстың соңында бата сұрайтынбыз. «Астырсын, тастырсын. Бізге жамандық ойлағанды қара таспен бастырсын»,-дейді ол. Бәріміз күлетінбіз. Жалпы, Құтекеңнің мағынасы терең, мазмұнға бай баталарын тыңдай жүріп, студенттік дәуренді қызықпен өткіздік қой.

Қызықтың «көкесі» жеті дәруіштің тұңғыш сапары. Бұл 1974 жылдың бас кезінде болған. Құттыбай Сыдықов, Шәкизада Құтаяқов, Заманбек Әбдешов, Сауытбек Абдрахманов, Жолдас Сырғабаев, Ақайдар Ысымов және мен – Тілеуқабыл Мыңжасаров жетеуміз кезекті сессияны аяқтап, талай жерді аралап, талай жердің дәмін татқанбыз. Құтекеңді бастық сайладық. Соның айтқанына көнеміз, айдауымен жүреміз. Неге былай деп қарсы пікір айтуға құқымыз жоқ. Қызылордада менің екі сыныптасым іздеп келіп, қонаққа шақырғанда Құтекеңнің көнбей қойғаны өзінше бір қызық. Жеті жігіттің достығы мен отбасылық қарым-қатынастары да көпке үлгі деп ойлаймын.

Менің туып-өскен жерім – Түркістан қаласы. Университетті бітіргеннен кейін осында келіп, аудандық газетте, партия, кеңес органдарында қызмет еттім. Ауылы аралас, қойы қоралас өңірде тұрғандықтан бір-бірімізбен хабарласып жүретінбіз. Қызықшылықта бірге болдық. Кейін қызмет бабымен Алматыға қоныс аударғанда да байланысымыз үзілген емес. «Хабар» агенттігінде жүріп Қызылордаға талай мәрте іссапармен келген едім. Құттыбай Сыдықов пен Жолдас Сырғабаев досыммен кездесіп, жастық шақты еске алатынбыз. Шәкизада Құтаяқов та осы жақтың тумасы еді. Үшеуі де арамызда жоқ. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын.

Құттыбай Сыдықовтың журналистік шеберлігі, жазушылық қызметі өз алдына бір төбе. Оның барлығы үлкен ізденістің, білім мен парасаттың жемісі екені даусыз. Осы тұста мен оның сүйікті жары – Қуанышкүл жеңгейдің еңбегін ерекше атап айтар едім. Өйткені Құтекең отбасылы, бала-шағалы болған кезінде оқуға түсті. Ештеңеге алаңдамай 5 жыл бойы университеттің күндізгі бөлімінде білім алды. Жеңгеміз оның барлық жағдайын жасауға тырысты. Жарасты жұп Алланың берген ұл-қыздарын өсіріп, заманға лайық тәрбиеледі. Немерелер сүйді. Құтекеңнің ісі мен ізін солар жалғастыруда. Ағамдай болып кеткен азаматтың ұрпағы өсіп-өне берсін. Барлығына бақыт тілеймін.

**Тілеуқабыл МЫҢЖАСАР,**
**«Хабар» агенттігінің тілшісі.**
**Алматы облысының**
**Құрметті азаматы.**

Соғыс және еңбек ардагері, марқұм Еламан Жүнісбаевтың үйінде отырмыз. Ортада ағамыз – Орман Нұрхабаев, Әби Мұхамеджанов. – Сендерге бір сыр айтайын, – деді Елекең.

– 1965 жыл. Қыркүйек айы.

Ақын Асқардың – Асқар Тоқмағамбетовтің 60 жылдығы Сыр өңірінде дүркіреп өтті. Мен мұндай тойды алғаш көруім. Тойға Сәбит Мұқанов Мұхамеджан Қаратаев, Садықбек Адамбеков, Қалтай Мұхамеджанов арнайы келді. Мен өзіммен бірге оқыған Садықбек, Сырбаймен сырлас едім.

Ол кезде мен Шиелі аудандық атқару комитетінің төрағасы болатынмын, аудандық партия комитетінің хатшысы Ғафур Мұхамеджанов еді. Қызылордада Асқардың тойы төрт күнге созылды. Той біткен соң қонақтарды Шиеліге апару, қонақ үйге орналастыру, жолда шаршатпай, шөлдетпей апаруды облыс басшылары маған айрықша нығыздап тапсырды. Қонақтарды Шиелі қонақ үйіне орналастырдым. Қымыз, қымыран, жеміс, тағы басқа сусын түрлерін тасып, мұздатқыштың ішін толтырдым.

Қонақтар ертеңіне Ғафурдың, Ыбырай Жақаевтың үйінде қонақ болды. Әңгіме шертілді. Айтқыр Қалтайдың әңгімесіне ішек үзілердей күлкіге баттық. Сәбит, Қалтай бастаған топ тағы да жолға шығатын болды. Бағытымыз – Түркістан. Қос "Волгамен" жүйткіп келеміз. Машина ішінде тағы да тағам атаулының сан түрін тиеп шыққанбыз. Жолда талай жерге түстендік. Түркістан шекарасынан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ұ.Бисембаев, Шымкент облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі А.Ақшолақова, "Оңтүстік Қазақстан" газетінің редакторы Ә.Омаров қарсы алды. Күн сенбі еді. Қонақтарды қонақ үйге орналастырдым. Сәбиттің зайыбы Мәриям:

– Қалтайжан-ау, бұл Шиелідегідей болмады ғой, графинде су да жоқ, – деп емеурін танытты. Қонақтарға қонақасы аудандық партия комитетінің ғимаратында берілді. Тамақ буфет тағамдары екені белгілі болды. Сәбитке жалаңаш бас тартылды, табақта басқа мүше болған жоқ. Содан Қалтай мені шетке шығарып:

"Елеке, "Волгадағы" Шиелінің тағамдарын Сәбиттің бөлмесіне қойыңызшы" деген соң дереу бар тағамды бөлмесіне әкеліп, көңілін тыныштандырдық.

– Бұл тағам бөлек, бұл не, Еламан-ау? – деді Сәбең.

– Бұл Сіздердің жол сыбағаларыңыз. Шымкенттіктер аң-таң болды. Дастархан бөлек, Түркістанның жұпыны дастарханы лезде Сыр мәзірімен жайнай түсті. Қалекең осы сапарда "Сәбеңнің толғауы" деген атпен өлең жазған еді. Қазір мұны баспасөзде жариялау қиын болар. Күні туған кезде жариялаудың сәті туар. Ал, тыңдаңдар мен оқып берейін, – деп Еламан аға толғауды жорғалатты. Мен қалам алып көшіре бастадым. Ол толғау былай жазылған еді.

# ҚАЛТАЙДЫҢ ТОЛҒАУЫ

Уа, Арқадан шыққан атақты,
Сәбит ағаң мен едім.
Мен қазақпын дегеннің,
Қайсысынан кем едім.
Сыр бойының Асқары,
Биыл алпыс жастағы,
Тойына арнап әдейі
Астанадан кеп едім.
Уа, дариға, Қызылорда,
Неткен дархан жер едің.
Тарығып жеткен тауықтың,
Таусылмайтын сөгі едің.
Пұлдары жоқ жарымай,
Берекет-құт дарымай,
Жүргендердің елі едің.
Алшақтатпай арасын,
Қара менен төренің,
Бірлік басы осы! – деп,
Бірге жайдың көгенін.
Жақсы көрсең жайраңдап,
Төріне тартқан ел едің!
Жаманды көрсең жымысқы,
Адам бол! – деп жебедің.
Кедей көрсең кемсінбей,
Байға басын теңедің.
Сүрініп жүрген жігіттің,
Қолтығынан демедің.
Ашыққан мен арықтың,
Жалғадың талай өзегін.
Досын егер жоғалтса,
Бірге іздедің тебенін.
Жомарттықтан ежелден
Таусылмайтын кені едің.
Төрт күнгі тойы Асқардың
Естен кетпес дер едім.
Сарымайға бөккен қырғауыл,
Нан орнына жеп едім.
Құйқалы бағлан құйрығы,
Аруананың шұбаты,
Тел емген тайдың қартасы,
Бар байлыққа бегедің.
Айтып, айтпай немене,
Аруағы қонған қазақтың,
Айналайын өзенім.
Тарқатып тойын Асқардың
Бәрін де өзім басқардым.
Жағалы киім, жүйрік ат,
Тарту тиіп өзіме,
Шиеліге аттандым.
Шағырмақ күздің күні еді,
(Сапарымыз Шиелі),
Ыбырай ата мекені,
Жер емес пе, киелі.
Әйгілі болған әлемге,
Бұл елдің талай түлегі
Айналайын атыңнан,
Еламан мен Ғафуржан,
Бұрыннан мені біледі.
Қарсы ала шықты алдымнан,
Болғандай қабыл тілегі.
Неткен абзал жан еді
Алақандай жүрегі
Қуанып жүрді баладай
Қасымнан қалмай бір елі.
Ыбекеңнің үйінде
Ашылды Сырдың тиегі
Алтындай тісі жарқырап,
Нұрланып алған реңі!
Ағаның тыңдап ақылын,
Алпыс екі тамырым
Ағыл-тегіл иеді.
Әзіл-назы аралас
Кей сөзі келіп тиеді.
Қарсылық айту қиын-ау
Тауып жатса жүйелі.
Айтулы алып ағаның,
Болаттай берік сүйегі
Халықтан шыққан дананың
Ойлары қандай сүбелі.
– Уа, Сырдың суын шырағым,
Жас күніңнен ішіп ең.
Қырық жыл бұрын осыдан
Келін болып түсіп ең.
Бір оралып соғар деп
Көптен бері күтіп ем.
Деді дағы Ыбекең
Алтын сағат, ақ жаулық,
Шытырма көйлек, зер шапан
Мәриямға кигізді.
Қоштасарда өзіме,
Тон-шекпені жекеше
Бауырынан тараған
Кекілін қылдай тараған,
Шекесінен қараған
Бір арғымақ мінгізді.
Ғафуржанның үйінде
Ертеңіне шай болды,
Шай деген аты болмаса,
Торқалы тойға бергісіз
Тізеден кешкен май болды.
Тоқсан түрлі тағамның
Қай шетінен бастауға,
Білмей Сәбең дал болды.
Екі иықтан дем алған,
Бала бойлы самаурын.
Биіктігі бес аршын,
Сыр палауы және бар.
Түйетауық бастаған
Қырғауылдың қырманы
Күшің келсе санап ал.
Жас құйрық, жас бүйрек
Жейтініңді қалап ал.
Қазы, қарта, тотырма,
Төңкерілген жая бар.
Жент, пәрмәш, балқаймақ
Қайсысын көңілің дауалар.
Кәуәп пен бесбармақ
Оны жер кімде шама бар
Тайтегеш толы қымыран
Ішіп ал да ыңыран.
Күздің сары қымызы,
Мұның да жетер қызығы,
Кереге бойлы шама бар.
Жер бетіндегі жемістер
Тәңірім-ау, қайдан жиналған?
Қарасаң көздің жауын алар
Қанша аш көз болсаң да
Қарын, шіркін, біреу-ақ,
Бұған қандай шара бар?
Дастархан толы тағаммен,
Алысып едік азанмен,
Ғафур менен келінге
Көгер деп бала-шағаңмен.
Түс ауғанша тығындап,
Дем алып тұрдық танаумен.
Ризалық айтып қоштастық
Жинаған көп дос-жаранмен.
Бастаушымыз Еламан,
Бағытымыз – Түркістан.
Шалқыған көңіл шартарап,
Құтырып күзгі самалмен
Қарын тоқта ойда көп
Өзімізше келеміз
Сырласып бүкіл ғаламмен.
Аз өмірдің ішінде
Араластым талаймен.
Табаққа қонған шыбынның
Табанын ұстап жалаған,
Кездестім талай сараңмен.
Жөні бөлек Сыр бойы,
Көрмесе қонақ күн бойы,
Жегені бойға тарамай
Сағатын жүрер санаумен,
Сұхбатың естен кетер ме,
Бұлардай жайсаң адаммен
Арманы бар ма Асқардың
Еркесі болған осы елдің.
Шыққалы аты қаламмен
Құрметке мұндай жеткен ер,
Тартысып тағдыр талаймен.
Арқандай жұтып асфальтты,
Машина жүйткіп келеді.
Баладай тербеп кәдімгі,
Ақ Мәкеңді ағамен
Жырым да сырым таусылмас
Айта берсем, ағайын.
Ұзақ жол әбден шайқады,
Түстегі тоқтық тарқады,
Осы жайды Еламан,
Қас-қабақтан байқады.
Жаңақорғаннан өткенде
Жүгерілікке жеткенде,
Дастархан жайып далаға,
Басталды тамақ науқаны,
Баяғының бәрі бар.
Қос машина тиелген
Тағам екен сақтаулы,
Екі жеті жесе де
Қисаяр емес қалпағы.
Біз орыннан тұрғанда
Босаған шыны-қалбырдың
Сидиған сүйек-саяқтың
Төбе боп қалды шартағы.
Сенбесең әрмен жүре бер
Осылай Сәбең айтады
Қалқып-шұлғып жеттік-ау,
Намаздыгер шамасы.
Түркістаннан қарсы алды,
Бисембайдың баласы.
Аудандағы бірінші
Баршасының ағасы,
Қонақжайға кіргеннен
Сәбеңнің кетті мазасы.
Басқаны былай қойғанда
Графинде су да жоқ.
Деді Сәбең, сол сәтте,
"Мені мен бүйтіп ойнауға,
"Емес ем, туған нағашы"
Бүгін шыққан жерімнен
Салыстырып қарасам
Аспан мен жердей арасы.
Қулығымды асырып,
Қайтемін жұрттан жасырып.
Келіп едім әдейі,
Қоймаған соң шақырып.
Ал кеттік! – деп сол кезде
Біреуі келді асығып.
Соңынан ердім салбырап
Отырар жай жоқ масығып.
"Қонақасы кеңседе
Дегеннен-ақ әліптің
Арты қалды шашылып.
Дастархан үсті тым жүдеу,
Таскөмірге қақталған
Шандырың шала шашылық.
Тандыр нанмен көкжуа
Әр жерде жатыр шашылып.
Көзге ілінер осылар,
Етпесін тәңір асылық.
Ұлтарақтай котлет
Пісірген әбден қатырып.
Пышақ шіркін өтпейді,
Берекеңді қашырып.
– Ауданымыз бай аудан,
Бәйге алдық деп тауда
Бастық отыр сапырып.
Байлықтың түрі мынау ма,
"Енеңді" деп ішімнен
мен отырмын ашынып.
Оң болса жігіт талабы,
Өмірдің аз ғой алаңы.
Айдап келген бұл жерге,
Қай құдайдың азабы.
Суға ағып кеткен бе,
Жалпақ елдің қазаны!
Буфеттен бүгін шығыпты
Дастархандағы тағамы.
Тарелкеден көз қысып,
Қарайды бізге құдай-ай,
Арыстың соқыр шабағы.
Бір кезде жетім бас келді
Әлпетінен белгілі
Құсқананың "сабазы"!
Тұмсығын алған тыржиытып,
Менсінбей бізге қарады.
Шала піскен жарықтық,
Қос көзін маған қадады.
Жанбас жілік дегеннен
Жоқ екен мүлде хабары.
Тістері түгел ақсиып,
Алынбапты-ау, сабазың.
Еламан күліп отырды,
Қол батырмай құйқаға
Құртты әбден шараны
Бұдан жұмсақ шығар-ау,
Түйенің төс табаны.
Сабыр ет, Сәбе, сабыр ет
Бұл да өмірдің сабағы
Айналайын Еламан,
Сен аман болсаң, мен аман,
Байқадың ғой шаманы
Бұрын мұндай болмаған.
Сәбеңнің басқан қадамы.
Құтқарып ал, ағаңды,
Табыла қалса амалы?
Жөн танитын жігітсің,
Болмайық елдің мазағы.
Деуім менің мұң екен,
Зорға шыдап Еламан,
Ләппай күтіп тұр екен.
Бәрін тізіп көзімен
Қонақжайға әкелді.
Қимылы мүлдем ірі екен,
Машинадағы байлықты,
Ағыл-тегіл ақтарды.
Ұялғаннан кейбірі
Өз-өзінен жасқанды.
Еламан оған қойсын ба,
– Сыр бойында жүргенде
Сәбеңнен қалған сарқыт деп
Көтеріп жатты шашбауды
– Келін боп түскен жерімнен
Келген осы тағам деп!
Мәкең де біраз мақтанды.
Осылайша әпсана
Хабар бердім әр тұстан.
Енді айналып келгенше
Қош болып тұр, Түркістан
Киелі сені жер деуші ед
Діншілдер түгел пір тұтқан.
Бұдан былай сақтасын
Бүгінгідей қырсықтан
Ежелден Сәбең белгілі
Емес пе, ақын арқалы.
Жас күнінен жырымен
Дүрліктірген Арқаны.
Жаны құмар шындыққа,
Өмірде жоқ жалтаңы.
Ойындағы дүниесін
Осылай бетке айтады.
Түркістандағы толғауын
Жазып алған аузынан
Сыр бойының Қалтайы!

– Міне, Қайреке, – деді Елекең қаршығадай комданып, көз әйнегін сәлден соң жерге қойды. Сыр елінің қадір-қасиетін Қалтай осылай жырлаған. Бұл менің архивімде 35 жыл бойы жатыр. Бір кезде жариялауға мүмкіндік туар. Сол кезде баспасөзге ұсынарсың.

– Рахмет, Елеке. Бәрін көшіріп алдым.

– Жоғалтып алма сақта, кейін керек болады.

– Сақтаймын, Елеке! – деп қоштастым.

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТОВ.**

## БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» ҚР Президентінің биылғы Жолдауында көрсетілген жаңа экономикалық саясатта шағын және орта бизнесті қолдауға және дамытуға бағытталған шаралар кешені айқындалды. Кәсіпкерлер тек салықтар мен кеден төлемдерін төлеп қана қоймай, оларды жеңіл әрі қолайлы жолмен төлеу тәсілдерін қолданып, сәтті әрі табысты бизнес-орта құруға жағдай жасалды. Осы Жолдауындағы 7-ші бағытта шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты одан әрі жандандыру арқылы ел экономикасын көтеруде, ҚР тәуелсіздігін нығайтуда қажырлы еңбек ету, салық саясатын қолдау керек екендігі айқындалып отыр.

Бұның айғағы ретінде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсанындағы № 100–IV санды «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (әрі қарай Салық кодексі) Кодексіне енген өзгерістер бойынша, атап айтқанда 645-бабының 4-тармағында «сауда операциялары кезінде қолма-қол ақша арқылы бензинді (авиациялықты қоспағанда), дизель отынын, алкоголь өнімін көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желілері бойынша салық қызметі органдарына ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді жедел режімде беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машиналарын қолдануға міндетті» делінген. Яғни, кассалық бақылау машиналарды қолдану арқылы салық төлеуші қызмет мәдениетінің жоғары дәрежесін көрсететіндігін, ал тұтынушы чек талап ету арқылы өз құқығын қорғауға мүмкіндік беретіні белгілі.

Біздің чек талап етуіміз салық төлеуден жалтару фактілерін болдырмауға, экономикамыздың өркендеуіне өз үлесімізді қосқандығымыз болып табылады. Аталған жайттар көлеңкелі экономика саласындағы құқық бұзушылықты, жалған ақша жасау, заңсыз алкоголь өнімдерін, мұнай және мұнай өнімдерін жасыруды, салық төлеуден жалтаруды, жалған кәсіпкерлікті болдырмаудың бірден-бір фактілері болып табылады.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, бензинді (авиациялықты қоспағанда), дизель отынын, алкоголь өнімін көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілердің жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желілері бойынша салық қызметі органдарына ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді жедел режімде беруді қамтамасыз ететін бақылау касса машиналарын қолдану 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап туындайтынын ескерте келе, Салық кодексінің 14-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, бақылау-кассалық машиналарды қолдануға және оларды қолданудың осы Кодексте белгіленген тәртібін сақтауға міндетті екендігін, жедел режімдегі бақылау-касса машиналарын алып, салық органына тіркелу керектігін хабарлайды.

**Г.ҚАРЫМСАҚОВА,**
**мемлекеттік кірістер департаментінің бөлім басшысы.**

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕР САЛЫҒЫ, МҮЛІК САЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӨЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» кодексінің 390, 409-баптарына сәйкес жеке тұлғалардың жер және мүлік салықтары бойынша салық төлеу мерзімі ағымдағы жылдың 1 қазанына және Салық кодексінің 369-бабына сәйкес жеке тұлғалардың көлік салығы бойынша салық төлеу мерзімі салық кезеңінің 31 желтоқсанына дейін деп белгіленген. Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан кезекті салық жылдарына сәйкес Қызылорда қаласы аумағында орналасқан жеке тұлғаларға мүлік, жер және көлік салықтары есептелген болатын.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып белгіленген. Дегенмен, ағымдағы кезеңге жеке тұлғалар салық салу объектілеріне есептелген салық сомаларын уақытылы бюджетке төлемей, салық органы есептеген салықтардың сомасы туралы хабарламалардың орындалу тәртібіне едәуір кедергісін тигізуде.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан мүлік, жер, көлік салықтары бойынша салық берешегін уақытылы төлемеген жеке тұлғаларды сотқа жүгіну арқылы мәжбүрлеп өндіру шараларын атқаруда.

Сонымен қатар, сот шешімі негізінде сот орындаушылардың өндірісіне алынған істер бойынша салықтан берешегі бар азаматтарға Қазақстан Республикасы аумағынан сыртқа шығуға сот арқылы тыйым салынатындығын және жеке мүлкіне ауыртпалық қойылып, әр салық бершегі бар салық төлеушінің аты-жөні көрсетіліп бұқаралық ақпараттық құралдарына жариялау арқылы арнайы шолу жүргізу барысында телебағдарламаларда көрсетіледі.

Аталған шаралар салық берешегі бар кез-келген жеке тұлғаның жоспарлаған істерінің (жұмыс бабымен іссапарға, демалу орындарына, денсаулығына байланысты емделуге және т.б себептермен шет елдерге шығу) жүзеге асуына айтарлықтай кедергісін тигізуі мүмкін.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жоғарыдағы көрсетілген мәселелер туындамас үшін салық төлеушілерден Мемлекеттік кірістер басқармасынан салық берешегі туралы мәліметтерді сұрау арқылы уақытылы салық берешегін өтеуді және салық салу объектісі ретінде тіркелмеген жер учаскелерін тіркеулеріңізді сұрайды.

**М.ЕСЕНБАЕВ,**
**Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №98 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 18.08.2015 жылы № 5106 тіркелген

# Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовка жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «     »          №      қаулысымен бекітілген

**«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - Өңірлік үйлестіру кеңесі отырысы хаттамасынан үзінді көшірме (бұдан әрі – үзінді көшірме).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге «Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №352 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11181 болып тіркелген) бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) қосымшасына сәйкес нысан бойынша қатысуға арналған өтінім - сауалнама ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) бірінші және екінші бағыттары бойынша:

стандарттың қосымшасына сәйкес қатысуға арналған өтінім – сауалнама;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушының мөрімен/қолтаңбасымен расталған көшірме);

лицензия, егер қызмет түрі лицензияланатын болса (көрсетілетін қызметті алушының мөрімен/қолтаңбасымен расталған көшірме);

жарғы (акционерлік қоғам акцияның шығарылымының жиынтығын және бағалы қағазды ұстаушылардың тізілімінен үзінді көшірмені қосымша ұсынады (тіркеушінің мөрімен/қолымен расталған көшірме);

өтініш бергенге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдерге берешегінің жоқтығы туралы салық органының анықтамасы;

көрсетілетін қызметті алушыға Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарымен кредит беру немесе көрсетілетін қызметті алушының кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар екінші деңгейдегі банктің/ Даму банкінің хаты;

Бағдарламаның үшінші бағыты бойынша:

стандарттың қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген нысаны бойынша қатысуға өтініш-сауалнама;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтамалар;

лицензия, егер қызмет түрі лицензияланатын болса (көрсетілетін қызметті алушының мөрімен/қолтаңбасымен расталған көшірме);

жарғы, акционерлік қоғамдар акциялар шығарылымының жиынтығын және акционерлердің тізілімінен үзінді көшірме (көрсетілетін қызметті алушының мөрімен/қолтаңбасымен расталған көшірме);

өтініш бергенге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдерге берешегінің жоқтығы туралы салық органының анықтамасы;

экспорт режимінде тауарларды/өнімдерді шығаруды жүзеге асырған кеден органының белгілері бар кедендік жүк декларациялары;

Қазақстан Республикасы кеден шекарасының өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі бар тауарға ілеспе құжаттар;

соңғы есепті кезеңдегі валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттар;

Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттармен кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар екінші деңгейдегі банктің/Даму банкінің хаты;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және Өңірлік үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – кеңес) қарауына ұсынады (он бес жұмыс күні ішінде);

5) кеңес құжаттарды қарайды және кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірме дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі жұмыс күні ішінде);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы үзінді көшірмеге қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері үзінді көшірмені тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) кеңес.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 - қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| 1 | Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Кеңес | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірмені дайындайды | үзінді көшірмеге қол қояды | үзінді көшірмені тіркейді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды кеңестің қарауына ұсынады | кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде | 15 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды |

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы




Қызылорда облысы әкімдігінің2015 жылғы «  »          №      қаулысымен бекітілген

**«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - Өңірлік үйлестіру кеңесі отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі (бұдан әрі – үзінді көшірме).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге «Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №352 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11181 болып тіркелген) бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) қосымшасына сәйкес нысан бойынша қатысуға арналған өтінім-сауалнама ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес қатысуға арналған өтінім сауалнама;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

қызмет түріне лицензияның көшірмесі (егер қызмет түрі лицензияланатын болса);

өтініш бергенге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдерге берешегінің бары/жоғы туралы салық органының анықтамасы;

жарғы (егер заңды тұлға - кәсіпкер акционерлік қоғам нысанында құрылған жағдайда, акциялар шығарылымының жиынтығы мен акционерлер тізілімінен үзінді көшірмені қосымша ұсынады (мөрімен расталған көшірме/түпнұсқа);

кәсіпкердің соңғы қаржы жылындағы салық декларациясының көшірмесі және/немесе оның бірінші басшысы куәландырған (заңды тұлғалар үшін) дебиторлық және кредиторлық берешек (оның ішінде берешектің пайда болған күні, сомасы және тауарлар мен қызметтердің атауы) толық жазылған қаржылық жағдай туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін интернет-ресурстарда жарияланған ақпарат қоса берілген қаржы есептерінің көшірмелері;

кәсіпкердің кепілдік сомасы есептелінген кредит алу мүмкіндігі туралы екінші деңгейдегі банктің/Даму банкінің оң шешімі бар хаты;

қаржы агентінің кәсіпкерді кепілдендіру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хатының көшірмесі (екінші деңгейдегі банктің/Даму банкінің мөрімен куәландырылған);

кәсіпкердің жобасын іске асыру бойынша болжамды мерзімдерді, жобаны іске асыру шарттарын қамтитын бизнес-жоспары;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бір сағаттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және Өңірлік үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – кеңес) қарауына ұсынады (жеті жұмыс күні ішінде);

5) кеңес құжаттарды қарайды және кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы кеңес отырысы хаттамасының негізінде үзінді көшірме дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі жұмыс күні ішінде);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы үзінді көшірмеге қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері үзінді көшірмені тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) кеңес.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасы шеңберінде кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 - қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| 1 | Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Кеңес | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірме дайындайды | үзінді көшірмеге қол қояды | үзінді көшірмені тіркейді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды кеңестің қарауына ұсынады | кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді |
| 5 | Орындалу мерзімі | 1 сағаттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде | 7 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды |

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2 - қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кепілдіктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кепілдіктер беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы




Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «     »          №      қаулысымен бекітілген

«Бизнестің жол картасы - 2020 бағдарламасы» шеңберінде мемлекеттік гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – грантты беру туралы шарт.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге «Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 352 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11181 болып тіркелген) бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020 бағдарламасы» шеңберінде гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі бұқаралық ақпарат құралдарындағы конкурс өткізілетіні туралы жарнамаларда көрсетілген мерзімдерде көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес гранттар беру жөніндегі конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім;

заңды тұлғаны (жеке кәсіпкерді) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

салық органына есепке қою туралы куәліктің (хабарламаның) көшірмесі;

салықтар, жарналар, алымдар бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы анықтама;

көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылған өтінім беру уақытындағы жалдамалы қызметкерлердің орташа саны туралы анықтама;

бизнес-жоба;

көрсетілетін қызметті алушының «Бизнес-Кеңесші» жеделдетілген курстарында қысқа мерзімді оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

заңды тұлғалар үшін жарғы көшірмесі (болған жағдайда);

қызмет түріне лицензияның көшірмесі (егер қызмет түрі лицензияланатын болса);

көрсетілетін қызметті алушы атынан өтінім беру құқығына сенімхат, сенім білдірген адамның (заңды тұлға куәландырған заңды тұлғаның атынан) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және конкурстық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына ұсынады (он сегіз жұмыс күні ішінде);

5) комиссия құжаттарды қарайды және комиссия отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы комиссия отырысының хаттамасы негізінде құжаттарды Өңірлік үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – кеңес) қарауына ұсынады (төрт жұмыс күні ішінде);

7) кеңес құжаттарды қарайды және кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірмені дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бес жұмыс күні ішінде);

9) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы үзінді көшірмеге қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

10) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері үзінді көшірмені тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды);

11) кеңес оң шешім шығарған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалымен (бұдан әрі - «Даму» КДҚ» АҚ ҚФ), көрсетілетін қызметті беруші және көрсетілетін қызметті алушы арасында грантты ұсыну жөнінде үш жақты шарттың (бұдан әрі – грантты ұсыну жөніндегі шарт) жасалуын қамтамасыз етеді (сегіз жұмыс күні ішінде).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) комиссия;
5) кеңес.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы» шеңберінде гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1- қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| 1 | Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Комиссия | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | комиссия отырысының хаттамасы негізінде құжаттарды кеңестің қарауына ұсынады |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | комиссияның қарауына ұсынады | комиссия отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде | 18 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде | 4 жұмыс күні ішінде |

| 1 | Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Кеңес | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті беруші |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды қарайды | кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірме дайындайды | үзінді көшірмеге қол қояды | үзінді көшірмені тіркейді | кеңес оң шешім шығарған жағдайда, грантты ұсыну жөніндегі шарттың жасалуын қамтамасыз етеді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 3 жұмыс күні ішінде | 5 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды | 8 жұмыс күні ішінде |

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




**(Жалғасы 12-бетте).**

«Бизнестің жол картасы - 2020 бағдарламасы еңберінде гранттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«Бизнестің жол картасы-2020 бағдарламасы» шеңберінде гранттар беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы







Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «    »          №      қаулысымен бекітілген

**«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - Өңірлік үйлестіру кеңес отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі (бұдан әрі – үзінді көшірме).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге еркін нысанда қатысуға өтінім ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге «Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №352 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11181 болып тіркелген) бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

еркін нысанда қатысуға арналған өтінім;

әзірлеуді талап етпейтін жобаларда қоспағанда өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жеткізуге арналған техникалық шарт;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және Өңірлік үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – кеңес) қарауына ұсынады (жеті жұмыс күні ішінде);

5) кеңес құжаттарды қарайды және кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірме дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі жұмыс күні ішінде);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы үзінді көшірмеге қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері үзінді көшірмені тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен кеңестің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) кеңес.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 - қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| 1 | Іс- әрекеттердің (барысы, жұмыстар ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Кеңес | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | құжаттарды тіркейді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | кеңес отырысының хаттамасы негізінде үзінді көшірме дайындайды | үзінді көшірмеге қол қояды | үзінді көшірмені тіркейді |
| 4 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды кеңестің қарауына ұсынады | кеңес отырысының хаттамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | үзінді көшірмені көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді |
| 5 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | 20 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде | 7 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды |

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2 - қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3 - қосымша

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы




**2015 жылдың 20 тамыздағы мүлікті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы**

| Аудан | Келіп түскен өтініштер саны | Орны |
|---|---|---|
| Қызылорда қаласы | 335 | 1 |
| Жаңақорған ауданы | 70 | 2 |
| Қармақшы ауданы | 69 | 3 |
| Қазалы ауданы | 69 | 4 |
| Шиелі ауданы | 34 | 5 |
| Жалағаш ауданы | 33 | 6 |
| Арал қаласы | 17 | 7 |
| **Сырдария ауданы** | **15** | **8** |
| **Арал ауданы** | **10** | **9** |
| **Қазалы қаласы** | **7** | **10** |

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 1, анықтама алу телефондары: 8(7242) 23-05-64, факс: 8(7242) 23-01-38, e-mail: oblsport66@mail.ru, «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:**

**«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің құқықтық жұмыстар және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы (D-O-3). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84 563 теңгеден 109 932 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).**

**Қызметтік міндеттері:** Бөлімді басқару. Басқарманың мемлекеттік органдарда құқықтық қамтамасыз ету тиімділігі бағалауға мониторинг жүргізеді. Басқарманың нормативтік құқықтық актілерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ресімделуіне жауапты болады. Басқарманың жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен, қызмет этикасы журналындағы жазулармен, сенім телефонына келіп түскен мәліметтермен жұмыс жүргізеді. Бұйрықтарды, ережелерді, жарғыларды, шарттарды, келісімдерді, құқықтық тәртіптегі өзге де құжаттарды дайындауға қатысады. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарын (жылдық жоспар, есептерін тапсыру) ұйымдастырады және өткізеді, тиісті орындаушылармен мемлекеттік сатып алу шарттарын әзірлейді. Басқарма қарамағындағы ұйымдарына құқықтық және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді. Сотта және өзге де органдарда белгіленген тәртіп бойынша басқарманың мүддесін білдіреді. Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою және азаматтардың құқықтық тәрбиесін жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өз құзыреті шеңберінде басқарма қарамағындағы ұйымдардың және ведомстволардың қызметтерін үйлестіреді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жоғары заңгер білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орынынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», Қазақстан РеспубликасыныңПарламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерде) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ғ. Мұратбаев көшесі № 1 үй, 2-қабат, № 4 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысы арқылы хабарландырылады. Хабарландыру қатысушының электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ғ. Мұратбаев көшесі № 1 үй, 2-қабат, № 1 кабинетте әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісі әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілеттіорганның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**D-O-3 санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге арналған тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма), Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

# Қызылорда облысының жұмыс берушілеріне ҮНДЕУ

Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет құруға бағытталған, әр азамат өзінің материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігіне ие болатындай саясат жүргізуде.

Азаматтардың табыс мөлшері тұрақты өсіп, әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақылар, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысы артып келеді.

Мемлекеттің жуық арададағы бес жылға арналған жаңа әлеуметтік саясатының маңызды міндеттері – Қазақстанның әрбір тұрғыны үшін нақты кепілдіктер бекітіп, денсаулық сақтау, білім беру, қолжетімді баспаналы болу, зейнетақы жинақтау жүйесін жетілдіру және әлеуметтік өмірдің өзге де салаларына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады. Біздің аймақта аталған бағдарламалар біршама сәтті орындалып келеді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің елімізде дамушы, экономикалық қуатты, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білетін кәсіпкерлер қауымы қалыптасты.

Құқықтық актілер жүйесінде ұжымдық шарттар мен келісімдер еңбек қатынастарын келісу арқылы реттеу мүкіндігін мейлінше қамтамасыз ете алатын қызметтерді орындайды. Мұндай келісімдердің басты қатысушылары жұмыс берушілер мен кәсіподақтар болып табылады.

Кәсіподақты құру және қызметкерлермен ұжымдық шарт жасау іскерлік қарым-қатынас түзудің өте маңызды әрі қажетті элементі, еңбек ұжымында жағымды моральдық ахуал қалыптастырудың кепілі болып табылады. Тиімді келісім – кәсіпорынның қалыпты жұмысының, ондағы сенім мен әріптестік ахуалының қалыптасу кепілі. Ұжымдық шарт арқылы ең алдымен жұмысшылардың талаптары жүзеге асырылса да, жұмыс беруші де ол талаптармен келісу нәтижесінде, мысалы, еңбекақы төлеу, еңбек жағдайы мен жұмыспен қамту сынды сұрақтар бойынша ұжымдық шарттың күші таралатын мерзім ішінде қызметкерлер тарапынан өзге жаңа талаптардың болмайтындығына, олардың жауапкершілікпен жұмыс атқаратындығына сенімді болады.

Осының барлығы – яғни, құқықтық актілер жиынтығы, қосымша келісімдер жасау мүмкіндігі – еңбек қатынастарын реттеуге құқықтық негіз болып табылады.

Қызылорда облысының кәсіподақ орталығы, әлеуметтік әріптестік жөніндегі Қызылорда облыстық үшжақты комиссияның әлеуметтік серіктесі ретінде, әрбір жұмыс орнында, әлеуметтік тұрақтылық пен қызметкерлердің қорғау шарасы ретінде кәсіподақ болуы керек екенін есептейді.

Әлеуметтік әріптестіктің нәтижесінде кәсіподақтар мен еңбек ұжымдар арасында ұжымдық шарт жасалынса, салауатты қарым-қатынас бейбітшілік пен келісімді нақты келіссөздер жүргізу үшін тиімді аумақ болып табылады.

Үкімет, саяси партиялар, жұмыс берушілер, басқа да қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдармен бірге кәсіподақтар қызметкерлердің игілігі үшін прогрессивті реформаларды жүзеге асыру үшін арнайы жауапкершілікте.

Қызылорда облысының кәсіподақ орталығы тұрақты даму үстіндегі әлеуметтік диалог пен әріптестік негізі ретінде, кәсіпорындарда кәсіподақ ұйымдарын құруға және әрекетті ұжымдық шарттар жасасуға шақырады.

Өзара түсіністік пен
ынтымақтастық үшін зор үмітпен,
**Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы.**

## ДІНИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

«Облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №147 бұйрығымен бекітілген стандарттарға сәйкес діни қызмет саласында бірқатар мемлекеттік қызметтерді көрсетеді. Атап айтқанда:

1. «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу»;

2. «Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру»;

3. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру».

Сондай-ақ, «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі мен «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-ның кеңсесі арқылы төмендегі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Олар:

1. «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру»;

2. «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру».

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы негізінде нормативтік-құқықтық актілермен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Құжаттарды қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін ұсыну: қағаз түрінде.

Көрсетілген қызмет алушылар тарапынан аталған мемлекеттік қызмет көрсетуге сәйкес қандай да бір сұрақтар туындаса басқарма қызметкерлері әрдайым тиісті консультациялық көмек беруге дайын.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты Қызылорда облысы әкімдігінің e-kyzylorda.gov.kz интернет ресурсынан немесе облыстық ішкі саясат басқармасынан (мекен-жайы: Сұлтан Бейбарыс көшесі нөмерсіз, облыстық мекемелер үйі, 315-кабинет, 8 (7242) 605326 телефоны арқылы) алуға болады.

**М.БАЛАБАЕВ,**
**облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары.**

## БАҚЫЛАУ–КАССА МАШИНАЛАРЫН ЖАҢА ТӘСІЛМЕН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 645-бабының 4-тармағында «сауда операциялары кезінде қолма-қол ақша арқылы бензинді (авиациялықты қоспағанда), дизель отынын, алкоголь өнімін көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желілері бойынша мемлекеттік кірістер қызметі органдарына ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машиналарын қолдануға міндетті» деп көрсетілген. Яғни, бензинді (авиациялықты қоспағанда), дизель отынын, алкоголь өнімін көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған бұл тәртіп 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енді.

Осыған байланысты, салық төлеушілер ҚР Салық кодексінің жоғарыдағы көрсетілген баптарына сәйкес жедел режимде мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машиналарын алып, оны мемлекеттік кірістер органында тіркеуден өткізу қажет.

Сонымен қатар, жедел режимде мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машиналарын тіркеу және қайта жаңарту шаралары фискалдық мәліметтер операторының www.oofd.kz веб-ресурсында жүргізіледі.

Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес келмейтін бақылау-касса машиналарын пайдаланатын салық төлеушілерге қатысты ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде» әкімшілік жауапкершіліктер қаралған.

Мемлекеттік уәкілетті органның деректері бойынша, жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілерді қоспағанда, 2016 жылдың 1-қантарынан бастап ҚР аумағында Ел Үкіметімен белгіленген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қызмет аясында белгіленген бақылау-касса машиналарын пайдалануды қамтамасыз етуге міндетті.

Жедел режимде мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машинасын есепке қойған кезде салық төлеуші Мемлекеттік кірістер органына: БКМ мемлекеттік кірістер органында есепке қою туралы салықтық өтінішті, бақылау-касса машинасын дайындаушы зауыттың паспортын, нөмірленген, тігілген, салық төлеушінің қолымен және (немесе) мөрімен расталған қолма-қол есебінің кітабын және тауар чектерінің кітабын, мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ету жөніндегі келісім шарттын көшірмесін табыс етеді.

**Н.СЕРИКОВА,**
**Қызылорда қаласы бойынша МКБ**
**заңды тұлғалардың ақпаратын қабылдау және өңдеу орталығы бөлімінің бас маманы.**

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ
### тиімді қаржы институты

Қазақстан – 12 жылда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін енгізіп, оны қарқынды дамытқан бірден-бір мемлекет. Бұл үлгі сырттан, яғни, шетелден пайызы көп қаражат тартпайды. Сондықтан банк төменгі пайызбен тұрғын үй заемдарын береді.

Мәселен, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі заемдарының сыйақы мөлшерлемесі – еліміздегі ең төменгі мөлшерлеме. Кемінде 3 жыл алдын ала қаражат жинақтаған кезде берілетін тұрғын үй заемы бойынша – 3,5%-дан 5%-ға дейін болады.

Аралық тұрғын үй заемы – қолында қажетті соманың 50%-ы бар, тұрғын үй заемын алуға көп уақыт жоғалтқысы келмейтін азаматтар үшін тұрғын үй жағдайын жақсартудың ең жақсы мүмкіндігі. Заемшы сол 50%-ын жинақтау шотына салады. Ал банк жылдық 7,5%-дан 8,5%-ға дейінгі мөлшерлемемен үй алатын ақшаның 100%-ын береді. Сонымен қатар, жинақ ақшаға жыл сайын банктің 2% сыйлықақысы мен мемлекеттің 20% сыйақысы есептелінеді. Мұның бәрін есепке алғанда, салымның тиімді мөлшерлемесі 12,6%-ға жетеді. Үш жылдан кейін барлық жинақталған ақша негізгі қарызды өтеу шотына аударылады. Ал қалған соманың пайыздық мөлшерлемесі 3,5% - 5%-ға дейін төмендейді.

Бірқатар ірі қазақстандық банктердің ипотекалық кредит көлемін қысқартуы баспана мәселесін жақсартуға мүдделі азаматтардың сатып алу мүмкіндігін барынша төмендетеді. Мұндай жағдайда, Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі халықтың баспана мәселесін шешудегі негізгі қолжетімді құралдардың біріне айналады. Банк 6 жылдан 25 жылға дейінгі несие беру мерзімімен, мерзімінен бұрын жинақтаған немесе шарттық соманың 50%-ын бірден салған жағдайда жылдық 7,5%-дан 8,5%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесімен қолжетімді заемдар алуды ұсынады.

Банк заемдары тек тұрғын үй сатып алу, салу, жөндеу және жер сатып алу мақсаттарына ғана беріледі.

## ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ !

Биылғы жылдың 1-қаңтарынан 2015 жылдан бастап алкоголь өнімдерін сақтап, көтерме және бөлшек саудада сататын жеке және заңды тұлғалар жыл сайын лицензиялық алымды төлеулері тиіс. Бұл өзгеріс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 18 маусым 2014 жылғы № 210-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енген. Жыл сайын төленетін лицензиялық алым әкімшілік-аймақ бірлігіне сәйкес төленеді.

- Астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда – 100 АЕК;
- аудандық маңызы бар қалаларда және кенттерде - 70 АЕК;
- ауылдық елді мекендерде - 30 АЕК.

Аталған түзетулер заңнамаға алкоголь өнімдерін пайдалануын азайту, сатылу орындарын қысқарту және алкоголь өнімдерінің сату ережелерін ретке келтіру мақсатында Елбасының 11 ақпан 2013 жылғы № 01-25.30 тапсырмасын орындалуы енгізілді.

Сөйтіп, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының тұжырымдамасынан алкоголь өнімдері бүгінгі күнге бірінші қажеттілік өніміне жатпаса да, барлық дүкендерде, сауда үйлерінде және базарларда сатылатындығын байқатады. Бұл халықтын алкогольді бөгетсіз сатып алуға жол ашады. Мысалы, қалалық елді мекендерде көпшілік көпқабатты тұрғын үйлерінің астында спиртік сусындарын сататын азық-түлік дүкендері орналасқан, кейбіреулерінде тіпті екі және одан көп дүкендер ашылған. Демек, алкоголь сату нысандарының орналасуы өте жақын болуы, оның сатылуымен және пайдалануы өседі. Халықтың алкоголь өнімдерін еркін пайдалануы, келеңсіз жайттарға себепші болады. Бизнес үшін қиын жағдайда, оның мүддесін қорғау, дамуына бөгеттерді тазалау, алақол бәсекелестікті, қолдан жасалған өнімдерді өндіріп және оны заңсыз айналымымен айналысатын алаяқтар мен жалған кәсіпкерлерді жою қажет.

# МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруға, мемлекеттік қызметкерлердің халыққа қызмет көрсету барысында мемлекеттік қызметкерге тән сыпайылық танытып, теріс көзқарастардан арылып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел түрде көрсету керектігіне баса назар аударған.

Мемлекеттік кірістер органдары жүктелген мемлекеттік функцияларды іске асыра отырып, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету және осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесін көтеру, салық төлеушілердің оларға көрсетіліп отырған мемлекеттік қызметтермен қанағаттандырылуын арттыру бағытында шаралар ұйымдастырады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүргізіледі және жоғарыда көрсетілген тұлғалардың өтініштерін қарап, оған заңда қаралған мерзімде жауап беру мемелекеттік органдардың міндеттерінің бірі.

Жазбаша өтінішке келесідей талаптар қойылады. Өтініш құзыретіне өтініште қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жіберілуге тиіс. Жеке тұлғаның өтінішінде оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, почталық мекен-жайы, заңды тұлғаның өтінішінде оның атауы, почталық мекен-жайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке арыз иесі қол қоюы немесе ол электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылуға тиіс. Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі.

Бұл ретте мәселенің мәні баяндалмаған өтініштер мен иесі бүркемеленген өтініштер (дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер бар және мемлекеттік органдардың құзыреттеріне сәйкес оларға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда) қарауға жатпайды.

Заңда белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін жеке және заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарлануы тиіс. Өтініштерге берілетін жауапта, Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасала отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға, арыз берушінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректер қамтылуы тиіс.

Өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға келіп түскен өтініш үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы арыз берушіге хабарлана отырып, тиісті субъектілерге жіберілуге жатады.

**Дархан МЫХАНОВ,**
**Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.**

**Алкоголь өнімдерінің көлеңкелі айналымына қарсы шаралар**

## СІЗ ӨЗІҢІЗ ДЕ ТЕКСЕРІП КӨРЕ АЛАСЫЗ!

Алкоголь өнімдерінің көлеңкелі айналымын азайту мақсатында, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Wipon (Вайпон) компаниясымен бірлесіп, заңсыз алкоголь өнімдерін анықтау үшін мобильді қосымшаны іске қосты. Алкоголь өнімдерін заңсыз сататын нүктелерге жүргізілген мониторинг негізінде Wipon жүйесінің алдын ала деректер статистикасы құрылған. Комитеттің ұсынысымен осы статистика жаңарып, үш деңгейде – (аудан, облыс және орталық) бақылау жүзеге асады. Осы деректер алкоголь бойынша тақырыптық тексерулер жүргізуге негіз болады. Ол үшін Wipon атты қосымшаны www.wiponapp.com сайты арқылы жүктеп алып, Сіз өзіңіз-ақ алкоголь өнімін тексере аласыз. iOs, Android және Windowsphone үшін қосымшаны қазірдің өзінде жүктеуге болады. Өнімнің акцизін сканерлеп алған соң, қосымшада оның түпнұсқа немесе алдамшы екені бірден көрінеді. Сонымен қатар, Сіздің тексеру нәтижеңіз сол уақыт белгісімен Комитетке жолданып отырады.

**Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, М. Көкенов көшесі № 37 үй, анықтама үшін телефондары 22-4-18, факс 22-4-29 электрондық почта org_acim@mail.ru, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:**

**1. Жаңақорған аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы (санаты E-R – 4, индексі №05-1-3 ) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтiлiне қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Егін шаруашылығы өндірісінің өз дәрежесінде дамуына, егісті агротехника талаптарына сәйкес орналастыру, осы салаға жаңа технологиялар, ғылыми жетістіктерін енгізу, су жүйелерімен су пайдалануды реттеу, инженерлік жүйемен тегістелген жерлерде ауыспалы егіс тәртібінің сақталуын, егіс көлемінің жоспарлы көлемде болуын бақылау. Ауданда тауар өндіруші шаруалар мен жоғарғы органдар арасындағы, Үкімет белгіленген шаралардың жүзеге асуын үйлестіріп отыру. Субсидия төленетін тұқым, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер, жеміс-жидектер көлемін, құжаттарының заңдылығын анықтап, тексеріп қабылдап, ведомствоаралық комиссияға тапсыруға тікелей жауапты. Ауданның егіншілігінің мониторингісін жасап, халықтың осы саладағы азық-түлікпен қамтамасыз етілуін зерттейді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе ауылшаруашылық ғылымдар немесе техникалық ғылымдар және технологиялар мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология мамандықтары бойынша ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

**2. Жаңақорған аудандық ветеринария және ветеринариялық бақылау бөлімінің ветеринариялық бақылау секторының меңгерушісі (санаты E-R–3, индексі №42-03) – 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтiлiне қарай 74313 теңгеден 99938 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Бөлімше жұмысын үйлестіреді. Бөлімше мамандары арасында қызметтік міндеттерін бөледі және бөлімше мамандарының жұмысын қадағалайды. Жоғары орындарға берілетін есепті мерзімнен кешіктірмей береді. Бөлім басшысына бекіттіріп нақты іс-шаралар жасайды. «Ветеринария туралы » Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес: Ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу; Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындажануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда,тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау; Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік веринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; Эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу; Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру; Жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары ветеринариялық білім (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

**3. Қыркеңсе ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы саласы бойынша жетекші маман - есепшісі (санаты E-G – 4, индексі №18-0-04) - 1 бірлік.** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде ауылдық округі әкімінің аппаратының қаржы есеп жұмыстарын жүргізу. Тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу. Қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақтылы аудару. Бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әзірленуін, олардың уақтылы әрі мақсатты атқарылуын және ауыл әкімін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық, кеңсе және шаруашылық тауарларымен қамтамасыз ету. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасақтап, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік сатып алудың нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілермен шарт жасауды уақтылы орындауға және Қазақстандық мазмұн есептілігін веб-порталға уақтылы орналастыруға жауапты.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, жергілікті мемлекеттік басқару, статистика) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**4. Сунақата ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман-заңгері, әскери есепке алу қызметкері (ӘЕҚ) (санаты E-G – 4, индексі №22-0-3) - 1 бірлік.** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Ауылдық округтің әкімі қабылдайтын нормативтік актілердің жобасын заң талаптарына сай әзірлеп, мемлекеттік тіркеуге жататындарын әділет басқармасына жолдайды, тіркелуін қамтамасыз етеді, баспасөз бетіне ресми жариялауға беріп отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, нашақорлыққа қарсы күрес бағдарламасының және кәмелетке толмағандар комиссиясының іс-шарасын жасап, жүзеге асырып отырады. «Заңды және жеке тұлғалардың арыздарын қарау туралы» 1-ОЛ статистикалық есебін тапсыруды қамтамасыз етеді, ұйымдастырады және жауап береді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және оны жүзеге асырады, заңның тиісті тәсілдерін қолдану арқылы құжаттарды жасақтайды. ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану бойынша жұмыс жүргізеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі білім (бастапқы әскери дайындық) немесе құқықтық білім; не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**5. Келінтөбе ауылдық округі әкімінің аппаратының жетекші маман-заңгері (санаты E-G – 4, индексі №10-0-4) - 1 бірлік.** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері**: Ауылдық округтің әкімі қабылдайтын нормативтік актілердің жобасын заң талаптарына сай әзірлеп, мемлекеттік тіркеуге жататындарын әділет басқармасына жолдайды, тіркелуін қамтамасыз етеді, баспасөз бетіне ресми жариялауға беріп отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, нашақорлыққа қарсы күрес бағдарламасының және кәмелетке толмағандар комиссиясының іс-шарасын жасап, жүзеге асырып отырады. «Заңды және жеке тұлғалардың арыздарын қарау туралы» 1-ОЛ статистикалық есебін тапсыруды қамтамасыз етеді, ұйымдастырады және жауап береді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және оны жүзеге асырады, заңның тиісті тәсілдерін қолдану арқылы құжаттарды жасақтайды. ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану бойынша жұмыс жүргізеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі құқықтық білім; не орта техникалық немесе кәсіптік білімі.

**6. Қожакент ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (санаты E-G – 4, индексі №14-0-7) - 1 бірлік.** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімімен тығыз байланыста болып жұмыс жасау. Шаруа қожалықтарының есеп кітабын жүргізу, шаруашылықтар бойынша статистикалық есепке алуды жүзеге асыру, қажетті анықтамалар беруді қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығы құрылымдарынан мәліметтер алып, оларды жинақтап, тиісті орындарға жолдауды қамтамасыз ету. Лауазымдық құзіреті шегінде жер пайдалану, құрылыс мәселелері бойынша қызметтерді тексеру және бақылау. Ақылы қоғамдық жұмыстарының ұйымдастыруын үйлестіру. Жұмыссыз азаматтарды тіркеу, жұмыссыздардың есебін жүргізу. Ауыл тұрғындарының мемлекеттік балалар жәрдемақысы мен атаулы әлеуметтік көмекке өткізген құжаттарды қабылдау, учаскелік комиссиясының қорытындысын дайындау, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жолдау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі құқықтық, ауылшаруашылық ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару) білімі; не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120300, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, 37 үй, №302 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, 37 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**E-R-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

**E-G-4, E-R-4 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Жаңақорған ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

● ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# ЖЕДЕЛ-ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫ

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру.

Егер де балаңыздың іші өтсе оған сұйықты әдеттегіден көп беріңіз. Өйткені ағзада сусыздану, құрғауды болдырмау керек. Атап айтқанда, сұйық ботқа, көже, күріштің суы, езілген құрт, йогурт (айран) сияқты азық-түліктік негіздегі сусындар, сондай-ақ қайнатылған су, қызыл шай (суға, шайға қант қосуға болмайды, ол іштің өтуін жиілетеді) ішкізіңіз. Алғашқы көмек ретінде регидрон ерітіндісі де пайдаланылады. Ол екі жасқа дейінгі балаға 50-100 мл мөлшерде, 2-10 жастағы балаға 100-200 мл мөлшерде беріледі. 10 жастан асқан балаларға қанша ішкісі келсе сонша, іші өткен сайын ұсынылады, бірақ 200 мл кем болмауы керек.

Диареямен ауырған бала тамақты жеткілікті мөлшерде ішіп-жеуі керек. Көкөніс, ет немесе балық қосылған тағам қоспаларын беріңіз. Тамаққа 1-2 шай қасық өсімдік майын араластырыңыз. Жақсы піскен жемістің шырынын немесе бананның жұмсағын беріңіз. Бұлар калий элементінің негізгі көзі, іш ауруға шипа. Сәби қанша тамақ ішкісі келсе, сонша ішкен дұрыс. Оны күніне 6 реттен аса тамақтандыру қажет. Сәбиіңіздің денсаулығын бүгін және әр таңда қорғай біліңіз!

**Ботагөз ҚАРЫМСАҚОВА,**
**облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бөлім меңгерушісі.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., н/с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-11-91 (7080), zhusupova_a@orda.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы (D-O-1 санаты – 1 бірлік).** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Басқарма жұмысын ұйымдастырады және жалпы басшылық жасайды. Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және функцияларының жүзеге асырылуына жауап береді. Басқарманың мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мүддесін қорғайды. Өз құзіреті шегінде құқықтық актілер қабылдайды. Өз орынбасарлары мен басқарманың құрылымдық бөлімше басшыларының, басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды. Облыс әкіміне негізгі бағыттар бойынша ұсыныстар береді және әкімдік отырыстарына материалдар дайындайды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, журналистика, саясаттану) немесе құқық (құқықтану) немесе білім немесе гуманитарлық ғылымдар (филология, дінтану, шығыстану, теология) мамандығы бойынша жоғары білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер;

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, н/з, № 602 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, әңгімелесу шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**D-O-1 санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**«Қызылорда облысы әкімінің аппараты»**
**мемлекеттік мекемесінің**
**конкурстық комиссиясы.**

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА



Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
● Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
● Қайғы-қасіретке ұшырау;
● Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);
● Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;
● Жұбайлардың кетіп қалуы;
● Белсіздік, баласыздық;
● Жалғыздық, некесіз тұру;
● Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
● Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
● Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.
**Құрметпен, Думайбековтер отбасы.**

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.
**Құрметпен, Әмина.**

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.
**Арсен.**

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.
**Диана.**

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.
**Мирас.**

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жөй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.
**Фатима.**

Анна Сіздерді тамыздың 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

**Жаңа оқу жылы қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде «Мектепке жол» акциясы бастау алды. 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтетін шараның маңыздылығы зор. Оқушылар үйінің сайбағында облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Болашақ жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен өткен қайырымдылық акциясында оралман отбасы балаларына қолдау көрсетілді.**

# АКЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

Акция барысында оралман отбасынан шыққан балаларға мектепке қажетті оқу құралдары салынған сөмке табыс етілді. Онда жазу дәптерлері, қаламсаптар мен өзге де керекті дүниелер бар. Осындай сөмкелер 15 балаға берілді. "Бұл ата-ана үшін үлкен көмек" дейді ата-аналар атынан акцияны ұйымдастырушыларға алғысын білдірген Нұрипа Кәшербаева.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл мектеп табалдырығын 15450 бүлдіршін аттайды. Ал, жалпы облыс бойынша 8204 бала толық емес, 484 бала қолайсыз және 15405 бала көпбалалы отбасында тәрбиеленуде. Сонымен қатар, аз қамтылған отбасында 21205 бала болса, олардың қатарында оралман отбасы бүлдіршіндері де бар. Айта кетерлігі, оқушыларды мектепке дайындау барысында бастауыш сынып оқитындарға –14-16, ортаңғы сынып оқушыларына – 19-21 және жоғары сынып оқушыларына 23 мың теңге көлемінде қаражат жұмсалады екен.

Бір байқағанымыз, жыл өткен сайын қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, көмек қолын созушылар қатары артып келеді.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

# БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ

Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханада ұйымдастырылған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында «Біз мектепке барамыз» атты зағип жандардың балаларымен пікір алмасу кеші болып өтті.

Кешті арнаулы кітапхана директорының міндетін уақытша атқарушы П.Кошкарова ашып, мектеп табалдырығынан аттағалы отырған бүлдіршіндерге ақ тілегін айтты, балаларға мектепке қажетті оқу құралдарын тапсырды. Қызықты өткен кеште 1, 2, 3 сынып оқушылары Еркебұлан, Шаттық, Айзат, Жайдарбек атты бүлдіршіндер тақпақ айтып, ән салып, оқырмандар қошеметіне бөленді.

**К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Абубакирова Рабига Нугмановнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бектұрғанов көшесі 13 үй, 44 пәтерге берілген айырбастау шарты (№1141 22.12.1994 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Табанова Куанышкуль Барлыбаевнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақмешіт м/а, 28 үй, 58 пәтерге берілген сатып алу-сату шарты (№4562 02.03.2010 ж.), жылжымайтын мүліктің техникалық паспорты (түгендеу №103 К/12563) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Суйндиков Тулегеннің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кыстағы, 50-жыл ВЛКСМ көшесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-044-1528, №0113809 31.05.2006 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Алишбекова Гулжанат Адилхановнаның атына Қызылорда қаласы, Аль-Фараби тұрғын ауданы №505 квартал, участок 14 берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-016-2628, №0177590 25.06.2006 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Абубакирова Сапаркулдің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет т/а, С.Махашова көшесі №16 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-000-3013/569) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Бұрханова Салтанат Бүркітбайқызының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылындағы №251 М.Әуезов атындағы орта мектепті 2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1181300 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Бижигитов Әлішер Құдайбергенұлының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы №163 орта мектепті 20.06.2012 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0475265 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабы, 3-тармағына сәйкес «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін Қоршаған ортаны қорғаудың 2015-2019 жж. арналған іс-шаралар Жоспарын талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізуге ниетті. Барлық мүдделі тұлғаларға осы нысан (мәселе) бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріледі.

Қоғамдық тыңдау 2015 жылғы 14 қыркүйекте сағат 10.00-де, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан, 1 мекен-жайында, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының мәжіліс залында өтеді. Тел.: 8 707 388 86 86, e-mail: t.sapayev@mail.ru

# ОБЛЫС САНДЫҚ ТЕЛЕТАРАЛЫМҒА КӨШУДЕ

2012-2014 жылдар аралығында телерадиохабар тарату саласындағы ұлттық оператор «Қазтелерадио» АҚ цифрлық эфирлік телехабар тарату желісінің 336 РТС-ын (радиотелевизиялық станция) іске қосты. Қазір Қызылорда қаласы мен қала маңында орналасқан 36 елді мекенде қазақстандық теларналарды абоненттік төлемсіз заманауи сапада көруге мүмкіндік туды. Осылайша облыс орталығы мен қала маңында қазір 22 телеарна цифрлық сапада хабар таратуда. Ескірген аналогтық хабар тарату желісі арқылы ауыл тұрғындары небәрі 8-ден аспайтын телеарна тамашалайтын.

Цифрлық эфирлік телехабар тарату желісі көрермен үшін теледидар экранында хабарлар бағдарламасы, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің электрондық нұсқасы секілді қосымша қызметтер ұсынады. Сонымен қатар арналардағы өзгерістер мен алдын алу және қалпына келтіру жұмыстары туралы көрерменді ақпараттандыру үшін «ТВ-пошта» жұмыс істейді.

Цифрлық эфирлік телехабар сигналын қабылдау үшін қабылдағыш (ресивер) сатып алып, аналогтық сигнал қабылданып келген бөлмелік немесе сыртқы антенна орнату жеткілікті. Жерсеріктік телехабар тарату желісіне қосылудан айырмашылығы сол, жерсеріктік антенна, конвертор және монтаждау мен күйге келтіру секілді арнайы жұмыс жүргізудің қажеті жоқ. Ал бұл қосылу құнына оң ықпалын тигізеді.

Қазіргі уақытта облыс бойынша жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп цифрлық телехабар тарату абоненттері туралы деректерді реттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар тіркелмеген дербесшоттардың телехабар қабылдауы тоқтап қалмауы үшін жүзеге асырылып жатыр.

Соған орай цифрлық эфирлік телехабар тарату желісінің барлық абоненттеріне дербес есепшоттың тіркелгенін растау үшін 255979 телефоны арқылы Call-орталыққа хабарласуы қажет.

Жерсеріктік немесе цифрлық эфирлік телехабар тарату желілеріне қосылу мәселесі бойынша Қызылорда қаласында +7 7242 254576 телефондарына хабарласып, немесе otautv.kz сайтынан қосымша ақпарат алуға болады.







Қызылорда облыстық телекоммуникация дирекциясының ұжымы Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда ОТД зейнеткері

**Сәрсенбай Бақтыбаевтың**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 24757
Тапсырыс № 846
Электрондық оқылым – 28 000